Контролируемая мотивация демонстрирует более неоднозначную картину. С одной стороны, ориентация на внешние требования, социальные ожидания или обязательства может поддерживать дисциплину и способствовать академическим успехам. К примеру, идентифицированная регуляция, несмотря на внешнюю направленность, при достаточной степени интернализации может быть связана с академической успешностью (Nalipay et al., 2020). С другой стороны, контролируемые формы регуляции - интроецированная и экстернальная мотивация - ассоциируются с тревожностью, страхом неудачи и эмоциональным напряжением (Sideridis, 2006; Ozer & Schwartz, 2019). Помимо этого, исследование Dilshan et al. (2024) показало, что преобладание внешней регуляции может сопровождаться снижением познавательного интереса: при ориентации на оценки или избегании негативных последствий осмысленность обучения уменьшается, что проявляется в отрицательной связи внешней мотивации с когнитивной. Амотивация при этом стабильно коррелирует с низкой успеваемостью, сниженной самоэффективностью и повышенным риском академического выгорания (Гордеева и др., 2014).

Но если академическую успешность может поддерживать как автономная, так и интернализированная внешняя мотивация, при анализе психологического благополучия различия становятся более выраженными. Wang et al. (2024) в своем систематическом обзоре и мета-анализе показали, что образовательные интервенции, направленные на поддержку базовых психологических потребностей в рамках SDT - автономии, компетентности и принадлежности, повышает внутреннюю мотивацию студентов и способствуют снижению психологического дистресса. Аналогичные выводы представлены в работе Ozer & Schwartz (2019), в которой субъективное благополучие и жизненная удовлетворенность стабильно коррелирует с автономной регуляцией.

Более современные исследования также подтверждают данную закономерность. К примеру, в работе Duong et al. (2025) на выборке студентов Юго-Восточной Азии показано, что автономная мотивация связана с более высоким уровнем психологического благополучия и меньшей выраженностью депрессивных симптомов и академического стресса. В то время как контролируемые формы мотивации демонстрировали связь с более высоким уровнем напряжения у студентов. Это подтверждает, что форма мотивации может оказывать значительное влияние на психологическое функционирование.

Вместе с тем, нельзя сказать, что данные являются универсальными. В коллективистских контекстах социально ориентированные ценности и нормативная регуляция могут восприниматься как оправданные и привычные, что ослабляет их негативные последствия (Liem et al., 2011). В такой среде учебная деятельность поддерживается не только личным интересам, но также социально разделяемыми ожиданиями семьи или образовательной среды, если они воспринимаются как значимые и оправданные.

Таким образом, можно сказать что существует подтвержденная системная связь между ценностями, формами ака-

демической мотивации и психологическим исходами в контексте учебной среды. Однако характер этих взаимосвязей во многом зависит от культурного и образовательного контекста. В условиях Казахстана, где коллективистские ценности сочетаются с индивидуалистическими ориентациями, анализ данной связи приобретает особую теоретическую и практическую значимость.

ДИСКУССИЯ

Обзор теоретических и эмпирических исследований позволил выделить несколько устойчивых закономерностей во взаимосвязи ценностей и академической мотивации. Во-первых, исследования последовательно демонстрируют наличие связи ценностей открытости к изменениям с автономными формами мотивационной регуляции. Студенты с ориентацией на личностный рост, развитие компетентности и самостоятельность мышления склонны воспринимать обучение как внутренне осмысленную деятельность. Это, в свою очередь, согласуется с положениями SDT, где для устойчивой внутренней мотивации и психологического благополучия требуется удовлетворение потребности в автономии и компетентности.

Во-вторых, ценности сохранения связывают с контролируемыми формами регуляции. В таком случае учебная деятельность может поддерживаться внешними ожиданиями, стандартами или нормативными требованиями. Однако доступные данные не позволяют рассматривать данный тип мотивации как исключительно неблагоприятный. Контролируемая мотивация во многих работах связана с тревожностью и эмоциональным напряжением, в ряде культурных контекстов она все же демонстрирует нейтральные или даже положительные связи с академической успешностью.

Так центральным различием между формами мотивации является прежде всего их связь с психологическим благополучием. Автономная регуляция стабильно связана с более высокой удовлетворенностью обучением, вовлеченностью и устойчивостью к трудностям, в то время как контролируемая мотивация оказывается более вариативной и во многом зависит от культурного и социального контекста.

Кросс-культурные исследования показывают, что в коллективистских культурах внешние требования не обязательно противопоставляются личным целям, а могут быть интегрированы в систему ценностей студента и восприниматься как легитимные и внутренне оправданные. Это объясняет, почему в некоторых культурах контролируемая мотивация может сохранять академическую успешность и психологическое благополучие.

Вместе с тем, анализ литературы выявил ряд ограничений методологий. К примеру, многие исследования не разделяют понятия «внешней» и «контролируемой» мотивации, что усложняет интерпретацию результатов. Также большинство работ имеет кросс-секционный дизайн, что только фиксирует корреляционные связи, но не позволяет установить направление причинности. Сопоставление результатов исследований также затрудняют различия в используемых методиках измерения мотивации. Среди них встречаются различные версии AMS, ШАМ, укрупненные шкалы - так, в ряде исследований проводится факторное укрупнение шкал мотивации для повышения интерпретируемости структуры регуляции (Expósito-López et al., 2021), что значительно влияет на сопоставимость полученных результатов.

Особенно интересной частью проведенного обзора является анализ смешанных культурных систем, включающих черты как индивидуалистических, так и коллективистских ценностных ориентаций. Казахстанский контекст является

примером подобной системы - с одной стороны, активно поддерживается ценность самостоятельности, самореализации и личных достижений. С другой, сохраняется высокая значимость семейных ожиданий и социальной ответственности. Подобное сочетание ценностей формирует сложную мотивационную структуру, в которой учебная деятельность воспринимается и как личностно значимая, и социально обязательная. В таких условиях процесс обучения может оказаться более напряженным, связанным с необходимостью согласовывать личные цели и при этом следовать социальным ожиданиям. Недостаток эмпирических исследований в подобных гибридных культурах ограничивает возможность однозначных выводов о влиянии формы мотивации на психологические исходы. Это делает изучение взаимосвязи ценностей и академической мотивации в казахстанской среде особенно актуальным как с теоретической, так и с практической точки зрения.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Проведенный обзор позволяет заключить, что личностные ценности выступают важным фактором, связанным со структурой академической мотивации студентов. Ценности задают широкие мотивационные ориентиры личности, могут определять характер включенности в учебную деятельность и поддерживать либо автономные, либо контролируемые формы регуляции. Исследования показывают, что ценности открытости к изменениям, самостоятельности и личностного роста ассоциируются с внутренней или идентифицированной мотивацией. Ценности сохранения, конформности и следования социальным нормам, в свою очередь, могут быть связаны с более выраженной внешней регуляцией.

Результаты исследований указывают на сложный и многоуровневый характер этих взаимосвязей. Влияние ценностей на академическую мотивацию во многом зависит от социокультурного контекста, образовательной среды и особенностей системы обучения. В ряде культур контролируемые формы мотивации могут способствовать поддержанию учебной дисциплины и академических достижений, и являться вполне адаптивными. Это подчеркивает, что мотивацию следует рассматривать не изолированно, а в более широком контексте культурных норм, образовательных ожиданий и личностных ориентиров студентов.

Таким образом, интеграция теории базовых ценностей Ш. Шварца и теории самодетерминации открывает перспективное направление для более глубокого понимания мотивационных процессов в высшем образовании. А анализ взаимосвязей между ценностями и академической мотивацией позволяет расширить представления о факторах учебной вовлеченности студентов и может способствовать разработке образовательных практик, учитывающих ценностно-мотивационные особенности обучающихся.

РЕКОМЕНДАЦИИ ДЛЯ БУДУЩИХ ИССЛЕДОВАНИЙ

Несмотря на значительное количество работ, посвященных академической мотивации и ценностным ориентациям студентов, ряд аспектов данной проблемы остается недостаточно изучен. Одним из перспективных направлений является более детальное изучение культурной модерации взаимосвязи между ценностями и формами мотивации. Большинство существующих исследований проводится на европейских или североамериканских выборках, тогда как данные из других регионов, включая Центральную Азию, остаются ограниченными. Расширение географии исследований позволит определить универсальность выявленных закономерностей и роль культурных факторов в формировании мотивации.

Другим важным направлением является проведение лонгитюдных исследований. Большинство существующих работ имеет кросс-секционный дизайн и фиксирует лишь взаимосвязь в конкретный момент, в то время как долгосрочные исследования позволили бы проследить динамику изменений ценностных ориентаций и мотивационных стратегий в процессе обучения.

Кроме того, перспективным представляется более точное различие форм мотивации. Уточнение различий между внешней и контролируемой мотивацией, а также анализ степени интернализации внешних требований может способствовать более точной интерпретации результатов и повышению сопоставимости исследований.

Наконец, дальнейшие исследования могут рассматривать академическую мотивацию в более широком контексте психологического функционирования, включая показатели субъективного и эвдемонического благополучия, академического выгорания и удовлетворенности обучением. Подобный комплексный подход позволит глубже понять роль ценностных ориентаций в формировании устойчивой и адаптивной учебной мотивации.

ИСТОЧНИКИ

Daniel E., Benish-Weisman M. (2018). Value development during adolescence: Dimensions of change and stability. *J Pers*, 1-13. https://doi.org/10.1111/jopy.12420

Sithija Dilshan, J. W., Karnialiuk, D., Lakotka, T., & Khan, F. K. A. A. (2024). Motivation for self-study among medical university students. *International Journal of Research in Medical Sciences*, *12*(11), 4034–4039. https://doi.org/10.18203/2320-6012.ijrms20243349

Duong, N. L. M., Nguyen, V. H., Ngo, M. T., Le, D. M., Nguyen, T. D., Nguyen, T. T. T., Nguyen, H. T., Kim, B. G., & Pham, T. T. (2025). Academic motivation in association with mental health and quality of life among medical and health science students: A survey in Vietnam. *BMC Medical Education, 25*, 986. https://doi.org/10.1186/s12909-025-07368-4

Expósito-López J, Romero-Díaz de la Guardia JJ, Olmedo-Moreno EM, Pistón Rodríguez MD and Chacón-Cuberos R (2021) Adaptation of the Educational Motivation Scale Into a Short Form With Multigroup Analysis in a Vocational Training and Baccalaureate Setting. *Front. Psychol*. 12:663834. doi: 10.3389/fpsyg.2021.663834

Gamage, K. A. A., Dehideniya, D. M. S. C. P. K., & Ekanayake, S. Y. (2021). The Role of Personal Values in Learning Approaches and Student Achievements. *Behavioral Sciences*, 11(7), 102. https://doi.org/10.3390/bs11070102

Hamamura, T., Bettache, K., & Xu, Y. (2018). Individualism and collectivism. *In V. Zeigler-Hill & T. K. Shackelford (Eds.), The SAGE handbook of personality and individual differences: Origins of personality and individual differences* (pp. 365–382). Sage Reference. https://doi.org/10.4135/9781526451200.n20

Howard, J.L., Gagné, M., Van den Broeck, A. *et al.* (2020) A review and empirical comparison of motivation scoring methods: An application to self-determination theory. *Motiv Emot* 44, 534–548. https://doi.org/10.1007/s11031-020-09831-9

Liang Y, Rascle O, Yang J, Souchon N (2025) Values, motivation, and physical activity among Chinese sport sciences students. *PLoS ONE* 20(2): e0316731. https://doi.org/10.1371/journal.pone.0316731

Liem, G. A. D., Martin, A. J., Porter, A. L., & Colmar, S. (2011). Sociocultural antecedents of academic motivation and achievement: Role of values and achievement motives in achievement goals and academic performance. *Asian Journal of Social Psychology, 15*(1), 1–13. https://doi.org/10.1111/j.1467-839X.2011.01351.x

Nalipay, M. J. N., King, R. B., & Cai, Y. (2020). Autonomy is equally important across East and West: Testing the cross-cultural universality of self-determination theory. *Journal of Adolescence, 78*, 67–72. https://doi.org/10.1016/j.adolescence.2019.12.009

Ozer, S., & Schwartz, S. J. (2019). Academic motivation, life exploration, and psychological well-being among emerging adults in Denmark. *Nordic Psychology.* https://doi.org/10.1080/19012276.2019.1675088

Russo, C., Danioni, F., Zagrean, I., & Barni, D. (2022). Changing Personal Values through Value-Manipulation Tasks: A Systematic Literature Review Based on Schwartz's Theory of Basic Human Values. *European Journal of Investigation in Health, Psychology and Education,* 12(7), 692-715. https://doi.org/10.3390/ejihpe12070052

Ryan, R. M., & Deci, E. L. (2000). Self-determination theory and the facilitation of intrinsic motivation, social development, and well-being. *American Psychologist*, 55, 68-78. DOI: 10.1037//0003-066X.55.1.68

Ryan, R. M., & Deci, E. L. (2017). Self-determination theory: Basic psychological needs in motivation, development, and wellness. *The Guilford Press*. https://doi.org/10.1521/978.14625/28806

Ryan, R.M., Deci, E.L. (2022). Self-Determination Theory. In: Maggino, F. (eds) Encyclopedia of Quality of Life and Well-Being Research. *Springer, Cham*. https://doi.org/10.1007/978-3-319-69909-7_2630-2

Schwartz S.H., Butenko T. (2014). Values and behavior: Validating the refined value theory in Russia. *European Journal of Social Psychology*. DOI:10.1002/ejsp.2053

Schwartz, S. H. (2012). An Overview of the Schwartz Theory of Basic Values. *Online Readings in Psychology and Culture, 2*(1).https://doi.org/10.9707/2307-0919.1116

Sideridis, G. D. (2006). Achievement goal orientations, “oughts,” and self-regulation in students with and without learning disabilities. *Learning Disability Quarterly, 29*(1), 3–18. https://doi.org/10.2307/30035528

Urhahne, D., Wijnia, L. Theories of Motivation in Education: an Integrative Framework. *Educ Psychol Rev* 35, 45 (2023). https://doi.org/10.1007/s10648-023-09767-9

Vallerand, R. J., Pelletier, L. G., Blais, M. R., Brière, N. M., Senecal, C., & Vallieres, E. F. (1992). The Academic Motivation Scale: A measure of intrinsic, extrinsic, and amotivation in education. *Educational and Psychological Measurement, 52*(4), 1003–1017. https://doi.org/10.1177/0013164492052004025

Vecchione, M., & Schwartz, S. H. (2022). Personal values and academic achievement. *British Journal of Psychology, 113*(3), 630–652. https://doi.org/10.1111/bjop.12555

Wang Y., Wang H., Wang S., Wind S., Gill C. (2024). A systematic review and meta-analysis of self-determination-theory-based interventions in the education context. *Learning and Motivation, 87.* https://doi.org/10.1016/j.lmot.2024.102015.

Гордеева Т. О., Сычев О. А., Осин Е. Н. Опросник «Шкалы академической мотивации» // **Психологический журнал**. 2014. Т. 35. № 4. С. 98–110.

Шамионов Р. Роль ценностных ориентаций в академической адаптации студентов в связи с удовлетворённостью их потребностей в автономии, компетентности и связанности с другими // **Психологическая наука и образование**. 2024. Т. 29. № 4. С. 126–139. https://doi.org/10.17759/pse.2024290410

DOI 10.51634/2307-5201_2026_11_35

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕ КЕҢ ТАРАЛҒАН МУЗЫКАЛЫҚ ТРЕНДТЕРДІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ӘСЕРІ

Дауит Мәрмәр Аршынқызы

Maqsut Narikbayev University

ORCID iD: https://orcid.org/0009-0009-7902-9650

Ғылыми жетекші:

Нуртаев Ерден Рамазанович

профессор PhD аға оқытушы, Психология кафедрасы

Maqsut Narikbayev University

Аңдатпа

Зерттеу тақырыбы - әлеуметтік желіде кең таралған музыкалық трендтердің эмоционалдық әсері. Қазіргі қоғамда музыка тек шығармашылық бейнесі ғана емес, күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналды. Музыкалық трендтер әлеуметтік желілерде тез тарап, TikTok, Spotify сынды платформаларда жиі байқалады және адамдардың тыңдалған музыкаға деген эмоционалды реакциясы мен адам психологиялық жағдайына әсер етеді. Зерттеудің негізгі мақсаты қазіргі қоғамда музыкалық трендтерді қолдану саласында эмоциялардың өзгерістерін қарастырып, оны адамдардың өзін-өзі бақылау, тұрақтандыру мақсатында қолдана алатынын талдау. Сонымен қатар, музыка жанрының әртүрлілігі адамда туындайтын эмоциялардың өзгеше болуына алып келуі қарастырылды.

Зерттеу жұмысында аралас, яғни сандық және сапалық әдістеме қолданылды. Сандық зерттеу барысында 82 респондент қатысуымен сауалнама жүргізілді және тақырыптың маңызын толық ашу мақсатында 5 респондент қатысуымен жартылай құрылымдалған интервью әдісі қолданылды. Нәтижелер, музыкалық трендтердің адамның эмоционалды күйіне әсері бар екені көрсетіліп, оны өзін-өзі бақылау мақсатында қолданатынын байқадық. Адамдар бейсаналы түрде музыкамен жиі кездесетінін және оның қазіргі таңда маңызды рөл атқаратыны байқалады. Зерттеу, қазіргі таңда цифрлық платформаларда музыкалық трендтердің маңызды рөл атқаратынын және адамдардың эмоционалды күйіне әсері бар екенін көрсетеді. Сонымен қатар, зерттеу тақырыбы адам және музыканың үздіксіз дамуына байланысты өзекті екенін жеткізеді.

Кілт сөздер: музыка, эмоция, музыкалық трендтер, эмоцияларды басқару, психологиялық әсер, цифрлық платформалар, эмоционалды реакция

Аннотация

Предметом исследования является эмоциональное воздействие музыкальных тенденций, широко распространенных в социальных сетях. В современном обществе музыка стала не только творческим воплощением, но и частью повседневной жизни. Музыкальные тенденции быстро распространились в социальных сетях и часто наблюдаются на таких платформах, как TikTok, Spotify, и это привело к усилению эмоциональной реакции людей на прослушиваемую музыку и влиянию на человеческую психику. Основная цель исследования-рассмотреть изменения эмоций в области применения музыкальных тенденций в современном обществе и проанализировать, могут ли люди использовать их с целью самоконтроля, стабилизации. Кроме того, рассматривалось, как разнообразие жанра музыки может привести к тому, что эмоции, возникающие у человека, будут отличаться.

В исследовательской работе использовалась смешанная, то есть количественная и качественная методология. В ходе количественного исследования был проведен опрос и использован метод полуструктурированного интервьюирования с целью полного раскрытия значимости темы. Результаты показали, что музыкальные тренды оказывают влияние на эмоциональное состояние человека и используют их в целях самоконтроля. Было замечено, что люди бессознательно часто сталкиваются с музыкой и что в наши дни она занимает довольно много места. Исследование ясно показывает, что музыкальные тенденции в настоящее время занимают некоторое место на цифровых платформах и влияют на эмоциональное состояние людей. Кроме того, тема исследования актуальна в связи с непрерывным развитием человека и музыки.

Ключевые слова: музыка, эмоции, музыкальные тенденции, управление эмоциями, психологическое воздействие, цифровые платформы, эмоциональная реакция

Annotation

The subject of the study is the emotional impact of musical trends that are widespread in social networks. In modern society, music has become not only a creative embodiment, but also a part of everyday life. Musical trends have spread rapidly on social media and are often seen on platforms such as TikTok and Spotify, and this has led to an increased emotional response from people to the music they listen to and an impact on the human psyche. The main purpose of the study is to examine the changes in emotions in the field of musical trends in modern society and analyze whether people can use them for self-control and stabilization. In addition, it was considered how the diversity of the genre of music can lead to the fact that the emotions that arise in a person will be different.

The research work used a mixed, i.e. quantitative and qualitative methodology. In the course of the quantitative research, a survey was conducted and a semi-structured interview method was used to fully disclose the significance of the topic. The results showed that musical trends have an impact on a person's emotional state and use them for self-control purposes. It has been noticed that people often unconsciously encounter music and that nowadays it takes up quite a lot of space. The study clearly shows that musical trends currently occupy some place on digital platforms and affect people's emotional state. In addition, the research topic is relevant in connection with the continuous development of people and music.

Keywords: music, emotion, music trends, emotion management, psychological impact, digital platforms, emotional response

КІРІСПЕ

ЗЕРТТЕУ ӨЗЕКТІЛІГІ:

Цифрлық қоғамда әлеуметтік желілер адамдардың өмірінің ажырамас бөлігіне айналып келе жатқанын байқамыз. Қазіргі таңда әйгілі Tiktok, Instagram сынды платформаларды адамдар күнделікті өмірде қолданады. Қазақстан аумағындағы жастар да бұл платформаларды жиі қолданады және өздерінің жаңашылдықтарын енгізуде. Ал, бұл платформаларда берілетін материалдар, яғни видео, музыка адамның өмір сүру салтына, эмоцияларының өзгеруіне, бір толқында болуына әсер етеді. Желілердегі трендтер өмір сүру салтына , адамның психологиялық денсаулығына да әсерін тигізеді. Сондықтан, бұл зерттеу Қазақстан аумағындағы әлеуметтік желілердегі музыкалық трендтердің эмоционалдық әсерін зерттеуге бағытталған. Зерттеу арқылы қоғамдағы әлеуметтік желілердегі музыкалық ақпараттың әсері ғана зерттелмей, сол трендтер арқылы эмоцияға қалай өзгеріс беруге мүмкіндігі ашылады. Музыка мен адамзат эмоциясы арасындағы байланыс қазіргі таңға дейін зерттелуде және Платон кезеңінен бері бұл тақырып өзектілігін жоғалтпаған. Музыкалық трендтер жылдар бойы өзгеруде және адамға деген әсері де артып жатқанын байқаймыз. Зерттеу бірнеше аспекттерді қарастырады. Біріншіден, музыка адамның эмоционалды жағдайына, мінез-құлқының өзгеруіне және көңіл-күйіне ықпал жасайтынын зерттейді. Екіншіден, заманауи қоғамда адамдар ақпараттық қысымнан шығу мақсатында күнделікті музыкалық трендерді тыңдау арқылы психологиялық жағдайын тұрақтандыруға тырысады. Сондықтан, музыканы тек өнер туындысы ғана емес, сонымен қатар адамдарға әсер етуші фактор ретінде қарастыру арқылы зерттеу өзектілігін көрсетеді. Музыкалық өзгерістермен қатар оның адамға деген әсері де өзгеріп отырады. Демек, тақырып өзектілігін жоймайды.

ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫ:

Адамдардың эмоционалды жағдайы

ЗЕРТТЕУ ПӘНІ:

Қазіргі таңдағы заманауи музыкалық трендтердің адамның эмоционалдық жағдайына әсері

ТЕОРИЯЛЫҚ КОНТЕКСТ

МУЗЫКА ЖӘНЕ ЭМОЦИЯЛАР

Осыған дейін жазылған зерттеулерді қарастыра келе, Платон кездерінен бастап, музыка мен адам эмоцияларының арасында тығыз байланыс бар деген тұжырым болған (Robinson, Jenefer. 2008). Платон және оның ізбасарлары адамға шыңға көтерілуге көмектесетін музыка қажет деп санады. Сонымен қатар, Аристотель музыканы жеке тұлғаны әлеуметтік өмірмен үйлестіру құралы деп айтты (Маманазарова, С. 2024). Музыканың адам денсаулығына деген әсерін Грецияда анықталған. Осылайша, Пифагор жағымды музыканы тыңдау адамның жүйкелері мен құмарлықтарын емдейді, сонымен қатар «рухани күштердің бастапқы үйлесімділігін орнатады » деп мәлімдеді. Шығыстың ұлы дәрігері Авиценна да музыканы емдік құрал ретінде жазған (Гаджиева, А. М. 2023).

ЗАМАНАУИ ПЛАТФОРМАЛАР

Әлеуметтік желілер жасөспірімдер мен жастардың өмірінің бөлігіне айналды. Қоғамда өзін көрсету, ақпарат іздестіру, қарым-қатынас орнату қажеттілігінің болу әсерінен, әлеуметтік желілер күнделікті өмірдің бөлігіне айналды (КАРПОВИЧ, К., & ЦУРУКОВА, В. 2025). Танымал платформалардың ішінде TikTok, Instagram и Telegram ерекше орын алады. TikTok тек көңіл көтеруге ғана емес, сонымен қатар трендтерге қатысуға мүмкіндік беретін қысқа және креативті бейнелердің арқасында жастарды тартады. Instagram өз кезегінде фотосуреттер мен бейнелерді бөлісу платформасы болып табылады, онда пайдаланушылар өз өмірі мен стилін көрнекі түрде

көрсете алады. TikTok вирустық тенденцияларымен және пайдаланушылар бірлескен іс-шараларға, билерге немесе шығармашылық тұжырымдамаларға қатысатын қиындықтарымен танымал. Бұл тенденциялар көбінесе белгілі бір әндерді, дыбыстарды немесе хэштегтерді қамтиды.

Бүгінгі күнге дейін қарастыралған зерттеулердің саны көп болғанымен, нақты музыкалық трендтердің адамның адам эмоцияларын қалыптастыру да, өзгерту де қандай орын алатынын зерттеу маңызды. Зерттеулер музыканың эмоцияға әсерін қарастырғанымен, нақты оны өзін-өзі бақылау үшін қолдану, Қазақстан аумағында қарастырған зерттеулер жетіспейді.

ЗЕРТТЕУ МАҚСАТЫ:

Қазіргі қоғамда музыкалық трендтерді қолдану саласында эмоциялардың өзгерістерін қарастырып, оны адамдарға оңтайлы жағынан қолдану мүмкіндіктерін зерттеу.

ЗЕРТТЕУ МІНДЕТТЕРІ:

1. Музыка мен адам эмоцияларының арасындағы байланысты қарастыратын теориялық негіздерді зерттеу

2. Заманауи музыкалық трендтер мен цифрлық платформалардың ерекшеліктерін қарастыру

3. Адамдардың заманауи музыкаларға деген эмоционалды реакциясын зерттеу

4. Эмоцияларды тұрақтандыру мақсатында музыканы құрал ретінде пайдаланулар мүмкіндіктерін қарастыру

5. Күнделікті өмірде адам өміріндегі музыканың рөлін талдау

ЗЕРТТЕУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Заманауи музыкалық трендтердің адамға эмоционалды әсері қандай?

2. Адамдар музыканы эмоцияларды реттеу құралы ретінде қалай қабылдайды ?

3. Қазіргі кезде Қазақстан аумағында музыканы тыңдау деңгейі қандай ?

4. Қазіргі таңда музыкалық трендтер қандай эмоционалдық реакциялар тудырады?

ГИПОТЕЗА

Заманауи музыкалық трендтер адамның эмоционалды жағдайына әсер етеді және белгілі бір эмоционалды сезімдерді күшейтеді. Сонымен қатар, болжам бойынша бүгінде музыкалық трендтерді тыңдау арқылы адамдар өз эмоцияларын басқару мүмкіндігіне ие бола алады.

Теориялық негіз

МУЗЫКА МЕН ЭМОЦИЯ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС

Музыка – адамзат мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігі (Саидий Саид Болта-Зода 2021). Дроздова, Хайкина, Попова, (2022) айтуынша, музыка – өнердің ерекше түрінің бірі және оның адам психикасына әсеріне байланысты сұрақтар ежелгі уақытта дыбыстың әсерін байқағаннан бастап, қарастырылуда. Ежелгі дәуірде пайда болған музыка бүгінде адам өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады. Басында ол тек дыбыстардың байланысынан пайда болған әуен ретінде қарастырылғанымен, кейін ырғақтар мен толқындардың байланысын көрген. Бұл байланыстар адамға әсер етуі ежелде талқылана бастаған. Платон және оның ізбасарлары адамды мемлекет басына қойып, шыңға көтерілуге көмектесуде музыка қажет деп санады. Сонымен қатар, Аристотель музыканы жеке тұлғаны әлеуметтік өмірмен үйлестіру құралы деп айтты (Маманазарова, С. 2024). Музыканың адам денсаулығына деген әсері Грецияда анықталған. Осылайша, Пифагор жағымды музыканы тыңдау адамның жүйке жүйесі мен құмарлықтарын емдейді, сонымен қатар «рухани күштердің бастапқы үйлесімділігін орнатады » деп

мәлімдеді. Шығыстың ұлы дәрігері Авиценна да музыканы емдік құрал ретінде жазған (Гаджиева, А. М. 2023). Бүгінде музыка адаммен бірге барлық жерде болады, үйде, сауда орталығында, қоғамдық көлікте (Тринадцатко, О. А., Титаренко, И. Е., & Беляева). Музыканы үнемі тыңдау қажеттілігі болмай және сол арқылы сыртқы ортадан жабылып қалған жағдайдың өзінде, адам музыкамен күнделікті кездеседі. Музыканың дамуы адамның қабілеттерінің дамуымен тығыз байланысты (Дроздова, Хайкина, Попова, 2022). Ұзақ уақыт бойы музыка адам эмоциясына әсер етеді деп саналады. Зерттеушілер мен қоғам арасында музыка тудыратын эмоцияларды түсінуге үлкен қызығушылық бар. Шын мәнінде, музыкамен айналысудың жалпы мақсаты: эмоцияны ояту мүмкіндігі болып табылады (Juslin & Sloboda, 2010). Демек музыка тек, эмоционалды күйге ғана емес, сонымен қатар адам физиологиясына да әсері бар. Байқағанымыздай, музыка мен адам денсаулығы бір-бірімен тығыз байланысты және бұл тақырып ежелгі Грециядан бері, өзінің өзектілігін жоғалтпаған.

Борис Михайлович Теплов айтуынша, адамның музыкаға эмоционалды жауап қайтаруы, музыкаға бейімділіктің көрсеткіші деп тұжырымдаған (Дроздова, Хайкина, Попова, 2022). Мида музыка тыңдаған кезде қозғалыс, ырғақ және эмоция бір-бірімен тығыз байланысты, тіпті темптің өзгеруі де эмоционалды мазмұнды бағалауымызға әсер етеді (Бреан, А., & Скейе, Г. У. 2023). Скайе Ульве Гейр музыканың ерекше әсері жайлы айтып кеткен. Оның айтуынша, музыка эмоциялардың кең спектрін туындату мүмкіндігіне ие. Қорқыныштан қуанышқа дейін және мұңға, сонымен қатар , ол эмоционалды ақпаратты нақты жеткізе алады деген тұжырымды негізге алған. Дроздова, Хайкина, Попова, (2022) мақаласында адам психикасына музыка әсер етуінің бірнеше факторлары бар. Олар: ырғақтылығы, орындалатын нотасы, дауыс қаттылығы, төмен немесе жоғары жиілігі, аспаптар мен әннің сөзі. Дыбыстың жиілігі, қарқындылығы, ырғағы, тембр және тоналдылық сынды әр сипаттама мидың әртүрлі бөліктерімен өңделеді. Жиілік пен қарқындылық - бұл адам бейсаналық деңгейде қабылдайтын негізгі сипаттамалар болып табылса, сол жақ жарты шар тоналдылық пен ырғақтарды өңдейді. Ал оң жақ жарты шар - әуен мен тембрді өңдеуші мидың бөлігі. Екі жарты шар да өз қарқынмен өңделеді. Музыканы тыңдау кезінде мидың барлық бөлімдері бірден іске қосылып, оң және сол жақ жарты шарлар бірлесіп жұмыс істейтінін қорытындылауға болады (Дроздова, Хайкина, Попова, 2022). Психологиялық тұрғыдан алғанда, музыка адамның эмоционалды тонусы мен көңіл-күйінің жоғарылауына әсер етеді. Алайда, музыка эмоционалды реакцияларды ғана емес, көңіл-күйге әсер ете алатындығын ескерген жөн, кейін бұл белгілі бір композициядан белгілі бір сезімдерді тудыруы мүмкін (Карабаев, В. Р. 2023). Бұл музыканың туындауы барысындағы әр бөлімі адам миында әртүрлі бөлімде өңделетінін көрсетеді. Демек, ми тек қарапайым әуенді емес, оның ішіндегі ритмді, ырғақты, жиілікті де толығымен өңдеу арқылы адам психикасына әсер етеді. Музыканың эмоционалды жадқа әсері тыңдау кезінде мидың эмоцияларды өңдеуге жауап беретін аймақтары - амигдала, гиппокамп және префронтальды қыртыстың белсендірілуімен түсіндіріледі. Бұл аймақтар эмоционалды естеліктерді қалыптастыруда және сақтауда шешуші рөл атқарады. Нәтижесінде, сүйікті әуендерді тыңдау көңіл-күйді көтеріп қана қоймайды, сонымен қатар ол үшін өмірдің маңызды сәттерімен байланысты естеліктерді ояту арқылы адамды өткенге қайтарады (Ахмедова , З., & Ахмедова , М. 2025). Эмоциялар музыкалық қабылдау процесінде орталық рөл атқарады. Байқалатын эмоциялар - бұл жағымды және жағымсыз бола алатын адам тәжірибесінің толық жиынтығы. Музыка эмоционалды, сондықтан оны білу эмоционалды саланы

дамытудың тамаша мүмкіндігі болып табылады (Журабек Тураевич Ярашев 2021). Басқа зерттеулерді қарастыратын болсақ, зерттеулерде музыканың қолданыста болуы ежелгі Грек заманынан басталған және қазіргі күнге дейін қолданылады. Музыка мен эмоция арасындағы байланыс қарастырылып, бірнеше эксперименттер жасаған. Сонымен қатар, музыка ырғағы, ритм, темпі мидағы нейрондарға әсер ету арқылы , мидың амигдала, гиппокамп сияқты бөліктерінде өзгерістер байқалғанын зерттеген. Ал мидың белсенді өзгерістері тек эмоцияға ғана емес, сонымен қатар есте сақтауға, қабылдауға, когнитивті бөліктерге әсер етеді.

МУЗЫКАНЫҢ НЕГІЗІ ЖАНРЛАРЫ МЕН ӘСЕРІ

Жанрлардың Саидий Саид Болта-Зоданың негіздеуі бойынша, барлық музыкалық шығармаларды белсенді, сергітетін және босаңсытатын, тыныштандыратын деп бөлуге болады. Осыған дейін зерттеулерде үш негізгі жанрды қарастырады. Ильюша, В. И., & Пыхтин, С. Н. (2024) мақаласында негізгі классикалық, рок және поп-музыка қарастырылған.

Классикалық музыка - бұл Батыс дәстүрінен шыққан және әдетте аспаптық ансамбльге арналған шығармаларды, симфониялық оркестрді немесе жеке орындаушыны қамтитын музыка жанры. Музыканың бұл жанрының ұзақ тарихы бар және Моцарт, Бетховен, Чайковский және Брамс сияқты көптеген композиторлардың шығармаларын қамтиды. Классикалық музыка әртүрлі формалармен, жанрлармен және стильдермен сипатталады, бұл оны әмбебап және кең аудиторияға тартымды етеді (Ильюша, В. И., & Пыхтин, С. Н. 2024). Классикалық музыка көптеген ауруларды емдеуде оң әсер ететіні белгілі болды. Ол дәрі-дәрмекті алмастырмайды, бірақ теріс кернеуді жеңілдетеді және адам ағзаларының биоритмдерін қалыпқа келтіреді (Комил Буронович Холиков 2023). Классика тек инновациялық емдік қасиеттерге ие емес. Бұл мидың белсенділігін айтарлықтай арттыратыны ғылыми дәлелденген. Денесі әлі даму сатысында тұрған және түпкілікті қалыптаспаған кішкентай балалар әсіресе музыкалық терапияға сезімтал (Саидий Саид Болта-Зода 2021). Сонымен қатар, зерттеулері бойынша көлік жүргізушілері классикалық музыка тыңдау барысында стресс деңгейінің төмендейтінін, көңілкүй жақсаратынын және тынышталатынын байқаған.

Ал рок музыкасы - өзіндік ерекше сипаттамалары бар танымал музыка жанры. Рокты дәл анықтау қиын болуы мүмкін, бірақ оның ерекшеліктеріне гитара дыбысына, ұрмалы аспаптарға, жігерлі әуендерге және жиі айқын көрініс беретін ритмдік құрылымға назар аудару кіреді. Рок музыкасы көбінесе күшті эмоцияларды, бүлікшілдік пен еркіндікті білдірумен байланысты (Ильюша, В. И., & Пыхтин, С. Н. 2024). Адамға күшейтілген, үдемелі эмоциялар береді, олар жағымды және жағымсыз бағыттарда бола алады. Көбінесе рок-музыка жасөспірімдерді өлім жайлы ойларға итермелейтіні анықталған, соған байланысты рок-музыка өткір эмоцияларды беретінін байқай аламыз (Дроздова, Хайкина, Попова, 2022). Сонымен қатар, Гаджиева, А. М. (2023) мақаласында айтылғандай, рок музыкасы қоршаған әлемге дұшпандық тудырады, көңіл-күй мен ақыл-ой қабілетіне теріс әсер етіп, зейін мен есте сақтау қабілетін төмендетеді және қозғалыс реакциясының кідіріс кезеңінің орташа мәнін төмендетеді. Айта кетерлігі, рок тыңдайтын адамдардың жүрек соғу жиілігі мен қан қысымы жоғарылаған. Бұл жанрдың негізгі компоненті-секундына бір жарым соққының еселенген ритм - адамды транс күйіне келтірді. Рок-концерт кезінде дыбыс әдетте 55-60 жылдамдықпен 120 децибелге жетеді. Мұндай көлем ағза үшін стресс болып табылады және "шуға мас болуға" әкеледі деп тұжырымдады. Ильюша, В. И., & Пыхтин, С. Н. (2024) зерттеуінде жүргізушілер рок музыка тыңдау барысын-

да энергия беруші сергектік сезінеді. Алайда, рок музыка кейде көлік жүргізу барысында кедергі жасаушы, тіпті агрессивті мінез-құлыққа алып келуі мүмкін. Сонымен қатар, жолдағы назардың тұрақтануы қиындап, кей жағдайда дыбысын қатты қою әсерінен есту қабілетінің қиындықтарына алып келуі мүмкін екенін қарастырған.

Ал, поп-музыка (ағылш. popular music-танымал музыка) - бұқаралық аудиторияға бағытталған стильдер мен ішкі жанрлардың кең ауқымын қамтитын музыка жанры. Поп-музыка қарапайым құрылыммен, қол жетімді әуендермен және лирикамен сипатталады, олар көбінесе махаббатқа, романтикаға және басқа да күнделікті тақырыптарға қатысты. Поп-музыка 20-шы және 21-ші ғасырларда дамыды және поп-рок, диско, электропоп, R&B және басқалары сияқты кіші жанрларды қамтиды (Ильюша, В. И., & Пыхтин, С. Н. 2024). Бұл жанрдың музыкасы адамға әсер ете алады, ол көңіл-күйді көтеріп, эмоционалды фонды жақсарта алады (Дроздова, Хайкина, Попова, 2022). Өзінің жеңіл, әрі оңай сөзіне байланысты, жалған тыныштық сезімі мен қиын тапсырмалардан көңіл аулауға көмектеседі. Ол адамға көңіл-күй көтеру кезінде, эмоционалды фон жақсарту кезінде үлес қосады. Кейбір жағдайлардың әсерінен эмоция жетіспеушілігін музыка арқылы толтыруға тырысады. Кейбір ғалымдардың ойынша, бұл жанр романтикалық музыка деп саналады (Баулин, Карицкий, 2016). Ильюша, В. И., & Пыхтин, С. Н. (2024) зерттеуінде жүргізушілердің поп-музыка тыңдау барысында көңіл-күйі көтерілетіні, құрылымы қарапайым болу әсерінен, концентрациясы өзгермейтінін байқаған. Алайда, поп-музыкасының монотонды болуы, жүргізушілерді жалықтыруға алып келуі мүмкін екендігін қарастырған.

Ильюша, В. И., & Пыхтин, С. Н. (2024) жүргізген зерттеуі мен басқада мақалалардағы тұжырымдарды талдай келе, музыканың әр жанр, адамға әртүрлі әсер етіп, әртүрлі эмоционалды әсер беретіндігін байқаймыз. Музыка жанр, өзінің ырғағы, тембр сынды ерекшеліріне қарай жанрларға бөлінеді. Сол жанрлар, адамда туындайтын реакциялардың алуан түрлілігіне алып келеді. Жоғарыда айтылған, мидың музыканың жиілігіне деген жауабы жанрлардың әртүрлілігіне де байланысты екенін байқаймыз.

МУЗЫКА ТЕРАПИЯ

Жоғарыда айтып өткендей, ежелгі заманнан бері музыканы белгілі бір құрал ретінде қолданған. Саидий Саид Болта–Зоданың айтуы бойынша, әскери марштар бұлшықет тонусын жақсартады, тіпті кейбір Симфониялық музыка асқазанның қышқылдығын өзгертеді. Осыған сәйкес оймен Д. А. Долгобородова және В. А. Варенцов үйлесімді музыкалық шығармаларды белсенді мұқият тыңдау сананы тиімді көтеруге, шабыт сезінуге және сонымен қатар, денсаулығымызға айтарлықтай ықпал ететіндігін анықтаған (Тринадцатко, О. А., Титаренко, И. Е., & Беляева). Музыкалық арт-терапия музыканы тыңдау және Музыка жасау процесіне негізделген. Музыкалық арт-терапияның көмегімен адам жеке тұлғаның эмоционалды саласын реттеу және дамыту қабілетіне ие болады (Журабек Тураевич Ярашев 2021). Ақыл-ой кемістігі бар балалардың музыканы қабылдау сабақтары олардың жағымды эмоционалды жағдайын модельдеуге бағытталған. Сонымен қатар, темекі шегуді, алкоголизмді және басқа да жаман әдеттерді емдеу үшін классикалық музыканың ішінде Бетховеннің "Ай сонатасы" және Шуберттің "Аве Мария" шығармалары тиімді (Саидий Саид Болта-Зода 2021). Өзге зерттеулерді қарай келе, қазіргі таңда музыкалық терапия жүйелі түрде қолданысқа ие. Ол тек психикалық тұрғыда емес, сонмыен қатар мединциалық тұрғыда қарастырылып жатқанын байқаймыз.

ЦИФОРЛЫҚ ПЛАТФОРМАЛАРДАҒЫ МУЗЫКАЛЫҚ ТРЕНДТЕР

Музыка үнемі эмоцияларға, мінез-құлыққа және мәдени тенденцияларға әсер ету арқылы қоғамда маңызды рөл атқарды. Әлеуметтік желілердің дамуымен қатар музыканың контент жасауға әсері одан да айқын бола бастады. Әлеуметтік платформалар пайдаланушылар жаңа дүние құратын және тарата алатын бірегей кеңістікті білдіреді, ал музыка медиа материалдардың тиімділігі мен белсенділігін арттырудың қуатты құралына айналды. Әлеуметтік платформалар пайдаланушыларға контент жасау және тарату үшін бірегей кеңістік ұсынады, ал музыка медиа контенттің тиімділігі мен тартымдылығын арттырудың қуатты құралына айналды. Цифрлық дәуірде музыканы ашу және игеру процесі айтарлықтай өзгерді. Теппер мен Харгиттай (2009) сандық дәуірдегі музыканы ашуды зерттеу жүргізіп, сандық медианың, әлеуметтік медианың және дәстүрлі медианың рөліне назар аударды. Олардың зерттеу нәтижелері сандық медиа жаңа музыканы ашуда маңызды рөл атқарса да, әлеуметтік медиа мен дәстүрлі медиа маңызды болып қала беретінін көрсетеді. Бұл музыканы тұтынудағы сандық технологиялардың, әлеуметтік медианың және дәстүрлі көздердің күрделі өзара әрекеттесуін көрсетеді (Cihan Tabak 2023). Интернет пен әлеуметтік медиа платформаларының пайда болуымен музыка журналистері ақпарат тарату және аудиториямен өзара әрекеттесу үшін жаңа мүмкіндіктерге ие болды. П. Катаев ұсынған онлайн музыкалық ресурстардың жіктелуі өте жан-жақты болып көрінеді. Бұл жіктеуге мыналар кіреді:

- музыкалық әлеуметтік желілер (Soundcloud сияқты мамандандырылған немесе TikTok сияқты музыкалық мазмұнды қамтитындар);

- музыкалық қызметтер (Yandex Music, Spotify және т.б.);

- музыка өкілдігінің веб-сайттары (әртістің, топтың, агенттіктің және т.б.);

- онлайн музыкалық медиа (Modernrock (http://modernock.ru/, Pitchfork (http://pitchfork.com), Rolling Stone Russia және т.б.);

- онлайн каталогтар (мысалы, Music Encyclopedia (http://www.music-dic.ru), Oxford Music Online (http://www.oxfordmusiconline.com) (Байзан, А. А., & Распопова, С. Л.).

Сандық музыканы тұтыну үшін ағындық қызметтер мен интерактивті емес қызметтер музыканы табудың ақпараттық арнасы бола алатындығын анықтады. Зерттеулер музыканы өзі үшін ашу эмоционалды жауап ретінде қалыптасады және тұтынушылар қайтадан таба алатындығын көрсетті. Сондай-ақ, Spotify-ді енгізу музыканың жаңа әртүрлілегінің таралу қарқынын тездететіні анықталды (Ranff, G., & Degener, L. 2023).

Жоғарыда қарастырылған мақалалар мен зерттеу жұмыстары әлеуметтік трендердің, эмоциялар мен музыканың байланысын ашып көрсеткен. Жүргізілген зерттеулердің көп бөлігі, олардың арасындағы байланысты зерттеп, жұмыстар жүргізген. Алайда, бұл зерттеу жұмысының мақсаты музыкалық трендтердің эмоционалды әсеріне байланысты болғандықтан, әдіснама арқылы зерттеудің негізін толық қалыптастырдық.

Қазіргі таңда музыка мен эмоция арасындағы байланысқа арналған зерттеулер көп болса да, әлеуметтік желілер арқылы таралатын музыкалық трендтердің адамдардың эмоционалдық жағдайына әсері жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Әсіресе TikTok платформаларындағы музыкалық трендтердің эмоцияларды реттеу құралы ретіндегі рөліне қатысты зерттеулер аз.

ӘДІСНАМА

Зерттеудің барысында аралас әдіснама қолданылды. Бұл зерттеудің мақсаты - әлеуметтік желілердегі музыкалық трендтерді тыңдау жиілігі мен пайдаланушылардың эмоционалды реакциялары арасындағы байланысты анықтау. Олардың әртүрлі музыкалық трендтерге эмоционалды реакциясы қандай екенін зерттеу. Сауалнаманы өтуден бұрын, барлық респонденттер жазбамен танысу арқылы, қатысуға келісім берді (1 қосымша). Ал, интервью барысында, әрбір респонденттен ауызша келісім алынды және толығымен зиян келтірусіз жүргізілді. Зерттеуге 16-30 жас аралығындағы жастар қатысты. Себебі, қарастырылған зерттеулермен салыстыра келе, осы жас аралығында адамдар музыкалық трендтерді көбінесе тыңдайтын және әлеуметтік желілерді қолданатын адамдар қатарына жатқызды.

ҚОЛДАНҒАН ӘДІСТЕР:

1. Тақырыпқа негізделе құралған авторлық сауалнама

2. Тыңдарманның музыка әсерін анықтауға арналған интервью

АВТОРЛЫҚ САУАЛНАМА

Авторлық сауалнама тақырыпқа негіздей отыра құрылды. Ол 4 бөлімнен тұрады.

1. Демографиялық мәлімет (жасы, жынысы, қолданатын әлеуметтік желісі)

2. Музыкалық трендтерді тыңдау жиілігі мен тақырып өзектілігін ашу (Likert шкаласы)

3. Респонденттердің музыкалық трендіне эмоционалды реакциясын анықтау (PANAS шкаласы бойынша)

4. Респонденттердің эмоцияларына музыканың әсерін анықтау

2 және 4 бөлімді құру барысында Likert шкаласына сүйену арқылы, респонденттердің тақырып бойынша ойын біліп, оны сандық жүйеге ауыстырдық. Музыкалық трендтерді анықтау барысында ашық цифрлық платформалардағы танымал контенттерге талдау жүргізіліп, Қазақстан аумағындағы танымал әртүрлі жанрдағы әндер таңдалды. Анықталған танымал музыкаларды қолдану арқылы сауалнама сұрақтары құрылды. Сонымен қатар, 3 бөлік жауаптары PANAS шкаласының эмоциялар түріне негізделіп, қатысушылардың анық және еркін жауап беруіне мүмкіндік алынды. Зерттеулерде жиі қолданылатын әдістемелердің бірі “PANAS” (Positive and Negative Affect Schedule). PANAS – эмоцияларды жалпылай бағалауға арналған. PANAS әдістемесі жағымды және жағымсыз әсерді анықтауға арналған. Негізгі 20 эмоциядан құрылатын, нақтырақ айтқанда 10 жағымды және 10 жағымсыз эмоция ішінен таңдалып, қарастырылады. Бұл әдістеме барлық салаға бейімделеді және көбіне адам көңіл күйіне назар аудартады (Crawford, J. R., & Henry, J. D. 2004). Бірақ, зерттеуде эмоция көптігі адамдарды шатастыру ықтималдылығы әсерінен PANAS шкаласы бойынша, тақырыпқа сай келмейтін эмоция түрлері алынды. Жиі қолданылатын эмоция түрлері қалды және қатысушыларға қиындық туындамады. Бұл шешім пилоттық версиядан кейін қабылданды.


Сауалнама 20 күн жүргізілді, 16 жастан басталып 30 жасқа дейінгі қатысушылар қатысты. Сауалнамаға қатысушылар саны 82. Сауалнама WhatsApp және Instagram платформалары арқылы, онлайн форматта жүргізілді. Қатысушыларды толық анонимді және ғылыми бағытта қолданылатыны ескертілді. Қатысушылар ыңғайлы іріктеу әдісімен таңдалды. Деректерді жинау үшін қатысушылардың музыкалық трендтері мен эмоцияларын тыңдау жиілігін өлшеу үшін Likert шкаласына және PANAS шкаласына негізделген сауалнама қолданылды. Сауалнама Google Forms арқылы жіберіледі. Толтыру процесі шамамен 10 минутты алады. Деректерді жинағаннан

кейін музыка тыңдау жиілігі мен пайдаланушылардың эмоционалды реакциялары арасындағы байланысты анықтауға арналған сауалнама сенімділігі Jamovi бағдарламасы арқылы анықталды. Жүргізілген сауалнама сенімділігін бағалау үшін Кронбах альфа коэффициенті (Cronbach's Alpha) қолданылды және алынған нәтиже бойынша α = 0,793 болды Ал, McDonald's Omega бойынша ω = 0,798 болды. Бұл коэффицент сенімділіктің қанағаттанарлық деңгейін көрсетеді. Сауалнама валидтілігін тексеру үшін факторлық талдау жүргізілді, Kaiser-Meyer-Olkin (KMO) көрсеткіші мен Бартлетт сфералық тестінің нәтижелері деректердің факторлық талдау жасауға жарамды екенін көрсетті, яғни p < .001. Факторлық жүктемелердің көпшілігі қабылданатын деңгейде болды, бұл сауалнаманы құрылымдық валидтілігін растайды. Зерттеу барысында барлық қатысушылардан ерікті келісім алынды және анонимді түрде жүзеге асты.

САУАЛНАМА НӘТИЖЕСІ


Сауалнамадан өткен 82 респонденттің 59,8% әйел адам болса, қалған бөлігі ер адам.

(1 сурет)



(1 сурет)

Сауалнамаға қатысушылардың жастары 16-30 жас аралығын қамтиды. Респонденттердің музыкалық трендтерді қандай платформада тыңдайтынын анықтау мақсатында қойылған сұраққа 46,3% респондент "TikTok" платформасын қолданатынын көрсетсе, 39% респондент "Spotify/Apple Music/Yandex Music" жауабын таңдады. Демек, қатысушылардың көп бөлігі музыкалық трендтермен "TikTok" платформасынан таныс болса, тағы бір бөлігі арнайы музыка тыңдауға арналған қосымшаларды қолданады. Сонымен қатар , Instagram REELS, YouTube Shorts, телеграм сияқты қосымшаларды қолданатындарын жеткізді (2 сурет) .



(2 сурет)

2 бөлімде қарастырылған жауаптарды талдау барысында “ Қаншалықты жиі сіз музыкалық трендті әлеуметтік желіде тыңдайсыз? ” сұрағына респонденттердің 46,3% “жиі” жауабын белгілесе, 30,5% “кейде” жауабын белгілеген. Бұл нәтижелер сауалнаманы өткен қатысушылардың көп бөлігі музыкалық трендтерді әлеуметтік желіден тыңдайтынын және жиі музыка тыңдайтынын көрсетеді. Бұл жауаптар, қарастырылып жатқан тақырыптың өзектілігін көрсетіп, маңыздылығын жеткізеді.


(3 сурет)



(3 сурет)


In contrast, domestic travel usually begins with extensive planning. One of the female participants shared that traveling domestically better done without agents and opeartors since it's much cheaper that way. "*For the same amount of money, you can fly abroad and have a vacation of a better standard",* she says. Which is why from logistics to activities, tourists minds are already filled with the details of the trip before departure. When the destination is chosen, it is often a location rich in natural attractions and nature-based activities. Tourists spend much of their time constantly moving and engaging in physically demanding experiences. In addition, nature-based destinations often involve a higher degree of uncertainty, as weather conditions and environmental factors can significantly influence the travel experience and without travel agents next steps in those situations are usually determined by themselves. As a result, tourists may experience reduced relaxation compared to coastal leisure travelers, since they remain physically active and mentally engaged throughout much of the trip.



Figure 5: Pathways to Relaxation in Coastal Leisure vs. Domestic Tourism

FINAL SUMMARY

We can conclude based on the responses from the interviewed personas and figures that domestic travel is not suitable for tourists who seek total relaxation on vacation, which is what locals mostly expect from their trips. It comes with effort-based experiences starting from the planning to the activities at chosen destinations, as well as being triggered by uncomfortable infrastructure, which in the end becomes an unworthy spending of time and money. Based on a summary of opinions, because most popular destinations are natural: mountains, canyons, lakes, where people want to move and explore the surroundings - *"This kind of vacation is energizing, but it's not always as desirable as just lying around and doing nothing,"* as responded by the female age 20 participant.

In direct response to the research question, the results indicate that coastal international destinations are more appealing to Kazakh tourists because they meet key psychological and practical needs: relaxation, warmth, escape, comfort and ease of planning. Whereas domestic tourism can be classified as "active", it's associated with effort, physical engagement and limited service infrastructure. This type of destinations while considered exiciting, still not as attractive to local travelers.

CONCLUSION

This study identifies the key factors that make foreign coastal destinations more attractive to tourists of Kazakhstan are a combination of psychological motivations and practical advantages. Psychological motivations include the desire for escapism

and psychological reset, while practical benefits include warm climate, beach access, predictable quality of service and convenience of package tours, which is confirmed by the interview data. Interviews show that many respondents associate holidays abroad with complete relaxation, while domestic tourism is more often perceived as active and requiring independent organisation.

The main barriers to the development of domestic tourism are a lack of resort infrastructure, a lack of full sandy beaches and high responsibility for planning for the tourist. Practical recommendations include the development of integrated resort areas, packaged offers to reduce the organisational workload, strengthening the marketing of unique cultural and natural products, and improving transport accessibility, which together can increase the competitiveness of domestic destinations and reduce the outflow of tourists abroad.

The study has a number of limitations, such as a small sample size, use of convenience sampling, subjective nature of self-reported data and cross-sectional design. Nevertheless, despite these limitations, the chosen methodology remains appropriate to achieve the research objectives of the study.

In conclusion, despite the limitations, the results of the study provide insightful information on peoples motivations and desires for their travels, which can be useful for targeted investments and policy measures that can make domestic tourism in Kazakhstan more attractive and accessible to locals.

REFERENCES

Akhmetalimova, A., Aubakirov, N., & Nuerlan, A. (2024). *Tourism as part of economic growth in Kazakhstan*. Nazarbayev University Graduate School of Public Policy. https://nur.nu.edu.kz/handle/123456789/8334

Bureau of National Statistics of Kazakhstan. (2024). *Tourism statistics report 2024*. Government of Kazakhstan. https://stat.gov.kz/en/industries/business-statistics/stat-tourism/

Chen, C. F., & Tsai, D. (2007). How destination image and evaluative factors affect behavioral intentions. *Tourism Management, 28*(4), 1115–1122. https://doi.org/10.1016/j.tourman.2006.07.007

Dann, G. M. S. (1977). Anomie, ego-enhancement and tourism. *Annals of Tourism Research, 4*(4), 184–194. https://doi.org/10.1016/0160-7383(77)90037-8

Government of Kazakhstan. (2024, December 9). *Итоги года: 6 млн внутренних туристов и доходы в 224 млрд тенге укрепили туризм Казахстана*. Официальный информационный ресурс Премьер-министра Республики Казахстан. https://primeminister.kz/ru/news/reviews/itogi-goda-6-mln-vnutrennih-turistov-i-dohody-v-224-mlrd-tenge-ukrepili-turizm-kazahstana-29439

Heung, V. C. S., Qu, H., & Chu, R. (2001). The relationship between vacation factors and satisfaction: A study of mainland Chinese tourists in Hong Kong. *Tourism Management, 22*(4), 407–417. https://doi.org/10.1016/S0261-5177(00)00057-1

Morgan, M., Lugosi, P., & Ritchie, J. B. (2010). The tourism experience: Consumers and managers. *Annals of Tourism Research, 37*(1), 88–107. https://doi.org/10.21832/9781845411503

Toleubayeva, Z., & Mussina, K. (2025). Econometric analysis of key factors affecting domestic tourism development in Kazakhstan. *Eurasian Journal of Economic and Business Studies, 69*(1), 32–46. https://doi.org/10.47703/ejebs.v69i1.458

UNWTO. (2023). *Tourism trends report 2023*. World Tourism Organization. https://www.unwto.org

Uysal, M., & Jurowski, C. (1994). Testing the push and pull factors. *Annals of Tourism Research, 21*(4), 844–846. https://doi.org/10.1016/0160-7383(94)90091-4

DOI 10.51634/2307-5201_2026_11_64

АҚПАРАТТЫҚ ЖҮКТЕМЕ МЕН КИБЕРҚАҚТЫҒЫСТАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСҚА ӘСЕРІ

Издибай Жансая Ерболқызы

Maqsut Narikbayev University

ORCID iD: https://orcid.org/0009-0004-8562-7976

Ғылыми жетекші:

Нуртаев Ерден Рамазанович

профессор PhD аға оқытушы, Психология кафедрасы

Maqsut Narikbayev University

Аңдатпа

Бұл зерттеу жұмысында қазіргі қоғамда өзектілігін жоғалтпаған ақпараттық жүктеме мен киберқақтығыстардың тұлғааралық қарым-қатынасқа әсері қарастырылады. Қазіргі таңда әлеуметтік желілер мен цифрлық коммуникация құралдарының кең таралуы адамдар арасындағы қарым-қатынас формасының өзгеруіне әсер етуде. Ақпарат көлемінің шектен тыс артуы адамның психоэмоционалдық күйіне кері әсер етіп, ақпараттың толассыз ағыны адамды шаршатып, күйзеліске дейін жеткізеді. Сонымен қатар, онлайн кеңістікте бақылаудың төмендігі мен анонимділік факторлары киберқақтығыстардың кең таралуына ықпал жасайды. Киберқақтығыстарды тану және олардың алдын-алу бүгінгі күні адамзаттың қарым-қатынас сапасын жақсартуға жол ашатыны анық. Зерттеу цифрлық қоғамдағы тұлғааралық қарым-қатынас мәселелерін түсінуге, ақпараттық жүктеме мен киберқақтығыстардың алдын алу жолдарын анықтауға бағытталған.

Мақалада ақпараттық жүктеме мен кибербуллингтің пайда болу себептері, олардың психологиялық және әлеуметтік салдары ғылыми әдебиеттер негізінде талданады. Әдебиеттерге шолу барысында ақпараттық жүктеменің адамның эмоционалдық күйіне, когнитивтік процестеріне және әлеуметтік мінез-құлқына ықпалы сипатталады. Мақалада кибербуллингтің түрлері, оның пайда болу механизмдері және тұлғааралық қарым-қатынастағы сенім мен өзара байланысқа әсері талданады. Зерттеу жұмысында ғылыми әдебиеттерден ақпараттар талданып, студенттер арасында ақпараттық жүктеме мен киберқақтығыстарға қатысты 16 сұрақтан тұратын авторлық сауалнама жүргізілді.

Зерттеу бөлімінде 150 студент арасында жүргізілген авторлық сауалнама негізінде ақпараттық жүктеме мен киберқақтығыстардың қарым-қатынас сапасына ықпалы анықталды. Нәтижесінде ақпараттық жүктеменің артуы

адамдар арасындағы коммуникацияда түсініспеушілік пен қақтығыстардың көбеюіне әкелуі мүмкін екендігі, ақпараттық жүктемеге төзімсіздіктің киберқақтығысқа ұласуына гендерлік айырмашылықтың байланысы жоқ екені көрсетілді. Зерттеу нәтижелері цифрлық ортада салауатты коммуникация мәдениетін қалыптастырудың, ақпараттық жүктеме мен киберқақтығыстарды танудың маңыздылығын ашады. Зерттеу жұмысы цифрлық ортадағы мәселелерді толықтай ашып, киберқақтығыстардан туындайтын жағымсыз ықпалдарды азайтуға арналған практикалық ұсыныстар дайындауға негіз бола алады.

Кілт сөздер: ақпараттық жүктеме, кибербуллинг, киберқақтығыс, цифрлық коммуникация, тұлғааралық қарым-қатынас, әлеуметтік желілер, студенттер.

Annotation

In this research paper, the impact of information load and cyberbullying on interpersonal communication, which has not lost its relevance in modern society, is considered. Today, the widespread use of social networks and digital communication tools is influencing the change in the form of communication between people. An excessive increase in the amount of information negatively affects the psycho-emotional state of a person, and the incessant flow of information brings a person to exhaustion and stress. In addition, the factors of low control and anonymity in the online space contribute to the widespread spread of cyber threats. It is clear that the recognition and Prevention of cyber conflicts today paves the way for humanity to improve the quality of communication. The study is aimed at understanding the problems of interpersonal communication in a digital society, identifying ways to prevent information overload and cyber conflicts.

The article analyzes the causes of information overload and cyberbullying, their psychological and social consequences on the basis of scientific literature. The literature review describes the influence of information load on the emotional state, cognitive processes and social behavior of a person. The article analyzes the types of cyberbullying, the mechanisms of its occurrence and the impact on trust and mutual communication in interpersonal relationships. In the research work, information from the scientific literature was analyzed and an author's questionnaire was conducted among students, consisting of 16 questions related to the information load and cyberattacks.

In the research section, based on an author's survey of 150 students, the impact of information overload and cyber threats on the quality of communication was determined. As a result, it was shown that an increase in the information load can lead to an increase in misunderstandings and conflicts in communication between people, there is no connection between gender differences to the escalation of intolerance to the information load into cyber conflict. The results of the study reveal the importance of creating a healthy culture of communication in a digital environment, recognizing information overload and cyber threats. The research work can fully reveal the problems in the digital environment and serve as the basis for the preparation of practical recommendations to reduce the negative impacts caused by cybersecurity.

Keywords: information load, cyberbullying, cyber conflict, digital communication, interpersonal communication, social networks, students.

Аннотация

В данной исследовательской работе рассматривается влияние информационной нагрузки и киберзапугивания на межличностные отношения, не потерявшие своей актуальности в современном обществе. В настоящее время широкое распространение социальных сетей и средств цифровой коммуникации сказывается на изменении формы общения между людьми. Чрезмерное увеличение объема информации негативно сказывается на психоэмоциональном состоянии человека, а непрекращающийся поток информации доводит человека до изнеможения и стресса. Кроме того, факторы низкого контроля и анонимности в онлайн-пространстве способствуют широкому распространению киберзапугивания. Очевидно, что признание и предотвращение киберпреступлений сегодня открывает путь к улучшению качества общения человечества. Исследование направлено на понимание проблем межличностного общения в цифровом обществе, выявление способов предотвращения информационной нагрузки и киберзапугивания.

В статье анализируются причины возникновения информационной нагрузки и киберзапугивания, их психологические и социальные последствия на основе научной литературы. В обзоре литературы описывается влияние информационной нагрузки на эмоциональное состояние, когнитивные процессы и социальное поведение человека. В статье анализируются типы киберзапугивания, механизмы его возникновения и влияние на доверие и взаимосвязь в межличностных отношениях. В исследовательской работе проанализирована информация из научной литературы, проведен авторский опрос среди студентов, состоящий из 16 вопросов, касающихся информационной нагрузки и киберзапугивания.

На основании авторского опроса, проведенного среди 150 студентов исследовательского отдела, было выявлено влияние информационной нагрузки и киберпреступлений на качество общения. В результате было показано, что увеличение информационной нагрузки может привести к увеличению недопонимания и конфликтов в межличностных коммуникациях, что гендерные различия не связаны с прогрессированием нетерпимости к информационной нагрузке в киберзапугивание. Результаты исследования раскрывают важность формирования здоровой культуры коммуникации в цифровой среде, информативной нагрузки и распознавания киберпреступлений. Исследовательская работа может полностью раскрыть проблемы в цифровой среде и послужить основой для подготовки практических рекомендаций по снижению негативного влияния, возникающего в результате киберзапугивания.

Ключевые слова: информационная нагрузка, киберзапугивание, киберзапугивание, цифровые коммуникации, межличностное общение, социальные сети, студенты.

КІРІСПЕ

Қазіргі кезеңде цифрлық ортаның қарқынды дамуы адамдардың арасындағы қарым-қатынас сипатын түбегейлі түрде өзгертті. Ғаламтордың, түрлі мүмкіндіктерге қол жеткізуге болатын цифрлық платформалардың ,әлеуметтік желілердің дамуы ақпарат көзін оңай алуды жеңілдеткенімен, адамға ақпараттың толассыз ағыны кері әсерін тигізеді. Адам күн сайын мыңдаған жеке хабарламалар, жаңалықтар, бейнематериалдар, әлеуметтік желідегі керексіз контенттерді қабылдау арқылы өз миына ауыр күш түсіреді. Аталған ақпараттық жүктеменің кесірінен адам психоэмоционалды түрде шаршап, зейіні нашарлап, ең сорақысы эмоционалдық күйзеліске түсуі мүмкін.

Нәтижесінде адамның тұлғааралық қарым-қатынасының сапасы төмендеп, адамдар арасында сенім әлсіреген соң түсініспеушілік пен эмоционалдық қашықтық пайда бола бастайды. Қазіргі қоғамда әлеуметтік-психологиялық басты маңызы бар мәселенің бірі киберқақтығыстардың да өзектілігі жоғары деңгейге дейін өршіп бара жатыр. Әлеуметтік желілердегі қақтығыстар,-негативті пікірлер, хейт, онлайн түрдегі агрессия, топпен қысым жасау, кибербуллинг тек адамның жеке эмоционалдық жағдайына әсер етіп қоймай, оның күнделікті әлеуметтік қарым-қатынасының сапасын нашарлатуға дейін апарады. Аталмыш киберқақтығыстар адамдар арасындағы сенімнің төмендеуіне, коммуникациядағы этиканың бұзылуына, психоэмоционалдық жағдайдың күрт өзгеруіне әсер етеді.

ӨЗЕКТІЛІГІ

Киберқақтығыс пен ақпараттық жүктемеге арнайылап жазылған мақалалардың саны көп болғанына қарамастан, олардың арасындағы байланыс туралы нақты зерттеулер аз, сол себепті бұл зерттеу жұмысы екі айнымалының қарым-қатынас сапасына кешенді әсерін толықтай ашып көрсетеді. Зерттеу тақырыбының өзектілігі қазіргі дәуірдегі қарым-қатынастың жаңа тұстарын түсіндіру, заманауи қоғамдағы қауіпсіз коммуникацияны құру мен психоэмоционалдық қауіптердің алдын алу маңыздылығымен ерекшеленеді.

Зерттеу мақсаты - өзекті мәселеге айналған ақпараттық жүктеме мен киберқақтығыстардың қарым-қатынасқа әсерін зерттеген ғылыми еңбектерді талдап, теориялық ақпараттар жинау, сондай-ақ аталған мәселенің себеп – салдарын анықтау. Авторлық сауалнама арқылы ақпараттық жүктеме мен киберқақтығыстарды қатысушылар қалай сезінетінін, әрі аталған мәселелердің өзара қарым-қатынас сапасына қалай әсер ететінін зерттеу.

ЗЕРТТЕУ МІНДЕТТЕРІ:

1. Ақпараттық жүктеме мен киберқақтығыстардың теориялық анықтамаларын табу.

2. Киберқақтығыстардың түрлерін талдап, қарым-қатынас сапасына қалай әсер ететінін зерттеу.

3. Ақпараттық жүктеме мен киберқақтығыстардың өзара байланысын табу.

4. Өзге де зерттеулермен салыстыра отыра, сауалнама нәтижелерін талдау.

Зерттеу нысаны – цифрлық ортадағы тұлғааралық қарым-қатынас үдерісі.

Зерттеу пәні – ақпараттық жүктеме мен киберқақтығыстардың тұлғааралық қарым-қатынас сапасына, психоэмоционалдық тұрақтылыққа әсер ету ерекшеліктері мен психологиялық механизмдері.

ЗЕРТТЕУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Ақпараттық жүктеме адамның психоэмоционалдық жағдайына қалай әсер етеді?

2 Студенттердің ақпараттық жүктеме мен киберқақтығысқа жиі ұшырау деңгейінің арасында байланыс бар ма?

3 Киберқақтығыстардың жиі болуы тұлғааралық қарым-сапасының деңгейіне әсер ете ме?

4 Студенттердің ақпараттық жүктеме мен киберқақтығыстарға ұшырау деңгейі қандай?

Ғылыми гипотеза:
1. Ақпараттық жүктеме мен киберқақтығыстар студенттердің психо-эмоционалдық күйіне және стресс деңгейіне әсер етуі мүмкін.
2. Ақпараттық жүктеме мен киберқақтығыстар өзара тығыз байланысты, бұл екі фактор бірге қарым-қатынастың сапасын нашарлатуы мүмкін.
3. Ақпараттық жүктемеге ұшыраған адам кейін киберқақтығыстарға да душар болуы мүмкін.

ӘДЕБИЕТКЕ ШОЛУ

Қазіргі таңда цифрлық технологиялардың дамуы мен ақпараттық құралдардың кеңінен қолданылуы адамзаттың барлық өмір саласына өзгерістер әкелуде. Ақпарат алудың қолжетімділігі оңайлаған сайын білім алу, қажетті мәліметті тез арада табу секілді мүмкіндіктер артса , бір жағынан шамадан тыс ақпараттың толассыздығы адамның психологиялық тұрғыда шаршауына себеп болады. Бұл құбылыс соңғы жылдарда «ақпараттық жүктеме» деген ұғымымен сипатталып, бүгінгі цифрлық қоғам үшін өзекті мәселелердің біріне айналды. Соңғы жаңалықтарға сәйкес, цифрлық ортада қарым – қатынас орнату өзгеше кейіпке еніп, адамдарға әлеуметтік желілер арқылы коммуникация құру жедел әрі үздіксіз үрдіске айналды. Алайда, бұл өзгерістердің артында шектен тыс ақпараттардың ағыны мен олардың шын-өтірігін анықтай алмау, шексіз хабарландырулар, онлайн коммуникациядағы бақылаудың жетіспеушілігі жатқаны байқалады. Нәтижесінде киберқақтығыстар мен өзара коммуникацияда түрлі қиындықтар пайда болып, қарым-қатынаста түсініспеушіліктер артуынан адамдар арасында өзара сенім төмендейді.

Әдебиетке шолудың мақсаты – жоғарыда атап өтілген ақпараттық жүктеме мен киберқақтығыстардың қарым-қатынасқа әсерін зерттеген ғылыми еңбектерді қарастыра отыра, теориялық ақпараттар жинау, нәтижесінде аталған мәселенің себеп – салдарын анықтау.

АҚПАРАТТЫҚ ЖҮКТЕМЕ ҚҰБЫЛЫСЫ

Бұл бөлімде бүгінгі ақпараттық қоғамға тән өзекті мәселе – адамның ақпараттық шамадан тыс жүктемесі қарастырылады. Ақпараттық жүктеме – жоғары қарқынды өмір ырғағында адамды барынша шаршаңқы күйге түсіріп, белсенді өмір салтын ұстануына кедергі жасайтын құбылыс (Гринева, 2022). Зерттеу барысында адамның эмоционалдық күйреуіне әкелетін негізгі себептер анықталып, сондай-ақ өмір сүру кезеңінде өзгермелі цифрлық жағдайларға адамның бейімделуінің маңыздылығы атап өтіледі. Адамның виртуалды әлемге шектен тыс тәуелді болып кетуінен болжамды салдары талқыланады. Қазіргі таңда технологиялардың лезде дамуы, әлеуметтік желілер көздерінің кеңеюі және онлайн-контенттің артуы ақпараттың үздіксіз ағынын және үлкен көлемдегі мәліметтерге бұрын-соңды болмаған қолжетімділікті туындатты. Ақпараттық жүктеме мәселесі ақпараттың өзі пайда болған уақыттан бері бар құбылыс деп есептеледі (Shahrzadi,2024). Алайда XX ғасырдың соңында цифрлық ақпараттың пайда болуымен бұл мәселе бұрынғыдан да әлдеқайда өзекті бола түсіп, адамзатқа зиянын тигізе бастады.

Shahrzadi(2024) зерттеуінде уақыт шектеулігі, ақпараттың көп көлемде болуы мен оны өңдеуге когнитивтік мүмкіндіктердің жетіспеушілігі адамның нақты шешім қабылдау қабілетін айтарлықтай нашарлататыны анықталды. Бұл жағдай қолжетімді ақпараттарды шешім қа-

былдауда дұрыс саралай алмағанның кесірінен орын алады. Нәтижесінде адамда өңделмеген толассыз ақпарат жүктемесі қалыптасады. Өкініштісі, осы кезде адам керекті ақпаратқа басымдық бере алмайды, керісінше есте сақтау қабілеті төмендеп, мида іріктеу кезінде қиындықтар артады. Shahrzadi(2024) пікірінше, қабылдаушы адам ақпаратты стресс, назардың бөлінуі, когнитивті бұрмаланулар сынды факторлар әсерінен тиімді өңдеу алмайды. Әрбір адам ақпараттық қоғамның бір мүшесі ретінде күн сайын үлкен көлемде ақпаратты қабылдап, өңдеуге тырысады. Бірақ адамның психофизиологиялық ресурсының шектеулігін ескеретін болсақ, бұл жағдай ақпараттық жүктемеге әкеп соғады (Васильев ,2016). Стресс тудырушы факторларға тек жаңалықтардың көптігі емес, сонымен бірге «ақпараттық аштық» та жатады.

АҚПАРАТТЫҚ ЖҮКТЕМЕНІҢ ПАЙДА БОЛУ СЕБЕПТЕРІ

Ақпараттық жүктеменің пайда болу себептеріне әлеуметтік желілерді жиі қолдану, ақпарат көлемі шамадан тыс болуы, стресстік жағдайлар, мәліметті өңдеу дағдысының болмауы мен уақыт шектеулігі жатады. Цифрлық қоғамда шамадан тыс ақпаратты қолданудың әсерінен шығатын мәселелердің шегі жоқ. Нақтылап атап өтсек: ғаламторға тәуелділік, шынайы өмірден витруальды мекенге өту, онлайн компьютер ойындарына тәуелділік, педофилия, кибербуллинг, дербес деректердің таралуы, қоғам пікірімен манипуляция жасау. Ақпараттық жүктеме ұғымы көптеген салаларда өзекті мысалы, медицинада, әлеуметтік ғылымдарда, маркетингте, білім беру мен психологияда кеңінен табылатын мәселе. Бұл дегеніміз – ақпараттық жүктеме бір нақты анықтамамен шектелмейтінін, күнделікті өмірде өте көп ақпаратпен сипатталатынын көрсетеді (Arnold, 2023). Бүкіл әлемге әйгілі COVID-19 пандемиясы кезінде ақпараттың толассыздығынан адамдарда ақпараттық жүктеме сезімі туындап, психологиялық денсаулықтары одан әрі нашарлады. Тіпті болмашы білінбейтін психологиялық қолайсыздық ұдайы психикалық бұзылыстардың қалыптасуына әкеп соғуы мүмкін (Wang,2022). Коммуникация пандемия уақытында тек отбасы мүшелерімен ғана тікелей болуынан кей сәттерде онлайн жанжалдар топ пен тұлғалар арасында жиіледі. Қазақстанда да 2019 жылғы пандемияға қатысты жаңалықтардан кибербуллинг, ақпараттың шамадан тыс берілуі мен жалған деректер таралуы сынды тақырыптар өрши түсті.

АҚПАРАТТЫҚ ЖҮКТЕМЕНІҢ САЛДАРЫ

Коммуникативтік мінезде ақпаратпен бопсалау қолданушыларға шынында қауіпті, алайда ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолданудағы шексіз берер мүмкіндіктері де көп (Васильев ,2016). Ғаламтор мен цифрлық құралдардың өздігінен зиянсыз екенін, бірақ аддиктивті мінез-құлыққа бейім адамдардың ақпараттық кеңістікте өмір сүру тәсілі оларды салыстырмалы түрде қауіпті ететінін ескеру керек. Бұл жерде Серб шіркеуінің Охрид архиепископы Иоанның пікірін келтіру орынды:

«Қазіргі технологиялар құрал ретінде әрі пайдалы, әрі зиян бола алады, сол үшін бәрі оларды қалай қолдануға байланысты. Белгілі бір құралды жақсы немесе жаман ететін – оны пайдалану тәсілі. Бұл қағида электрондық технологияларға да, интернет кеңістігіне де және қазір қолданылатын өзге де құралдарға да қатысты».

Ильюшенко (2011) еңбегінде көрсетілгендей, ақпараттық жүктеме келесі жағымсыз салдарға алып келеді:

Ақпарат ағындарында бағдарсыздану - бір ақпарат екіншісінің үстіне қабаттасып, адам құдды бір өзін мәліметтер теңізінде жоғалғандай сезінеді. Адам өзіне қажетті мәліметті нақты қайдан және қалай іздеу керектігін түсінбей, ақпарат шексіздігінен абдырап қалады.

Сыртқы факторлардың шамадан тыс көп әрі бақылауға келмейтіндігін сезінуден туындайтын стресс - салдарынан дәрменсіздік күйі туындап, логикалық ойлаудың орнына мистикалық немесе эзотерикалық ақпараттарға жүгіну басталады.

Клиптік ойлау -адамның ұзақ уақыт бойы бір объектіге зейінін шоғырландыра алмауы, қабылдауы үстірт болып, көз алдындағы бейненің тез ауысуына деген қажеттілік. Нәтижесінде адамда мәтінді ақпарат көзі ретінде қабылдауда қиындықтар туындайды және меңгерілген ақпарат сапасы төмендейді.

Психологиялық шаршау – бұл құбылыс жеткіліксіз немесе шамадан тыс көп мәліметтер ұсынатын ақпарат көздеріне үнемі нәтижесіз жүгінуден пайда болады. Қажет кездерде маңызды мәселені шешуді қиындатып, адам бойында немқұрайдылық қалыптасады.

Ақпараттық жүктеме мәселесі әсіресе белгілі бір оқиғаларға қатысты әртүрлі көзқарастардың болуы, сондай-ақ балама ақпарат көздерінің көптігі қоғамда дамушы елдерде аса өткір сипат алады. Бұл елдер үшін ғаламдық ақпараттық кеңістікке ерікті немесе мәжбүрлі түрде ену қауіпті болуы мүмкін, себебі оларда әртүрлі әлеуметтік топтар арасындағы сенімді дереккөздермен маңызды ақпаратты саралау дағдылары жеткілікті деңгейде қалыптаспаған (Ильюшенко, 2011). Осылайша, заман талабына сай адамның ақпаратты қабылдау, өңдеу және жауап беру үдерістерінен ажырамауы біршама зерттеушілер үшін тұлғаның бейімделу қабілетінің бұзылуына себепкер ретінде қарастырылады. Бүгінде «ақпараттық стресс» деген термин кеңінен танылып жүргенімен, ол әлі толық ғылыми тұрғыда жан-жақты зерттелмеген (Королев,2020). Бұл ұғымның мағынасы ақпараттық жүктеменің тұлғаның психикалық денсаулығына тигізетін теріс әсері мен қарым-қатынаста қақтығыстарға себеп болуымен байланысты. Өзге зерттеулерге сүйенсек, қазіргі таңда адамға келіп түсетін ақпарат көлемі өте үлкен, әрі ол өзекті ақпаратты қысқа уақыт ішінде таңдап алуға мәжбүр болады. Күн сайын өз ағзасы мен психикасын шектен тыс жүктеп, стресс пен депрессияға жолығады, ал оның салдары өмірлік белсенділіктің төмендеуіне және рухани өмірге қабілетсіздікке әкеледі (Васильев Тихон,2016). Экраны бар құрылғыларды әсіресе смартфонды ұзақ уақыт қолдану адамның психикалық денсаулығына айтарлықтай зиян тигізеді. Оған дәлел ретінде, күніне экран алдындағы 5 сағаттың салдары мазасыздыққа , депрессияға, назар шоғырлануымен қиындықтарға әкеледі. Сонымен қоса, LED- экрандарынан түсетін көк жарық циркадты ырғақты бұзып, мелатонин деңгейін төмендетіп, салдарынан ұйқы сапасы нашарлайды. Экранды қолдану ұзақтығы мен қысқа уақыт ұйқының бірігуі эмоционалдық бұзылыстарға, стресске төзімділік деңгейін төмендеуіне ықпал етеді. Ең күрделі тағы бір мәселеге FOMO эффектісінің пайда болуын жатқызуға болады. Эффекттің көрінісі ретінде әлеуметтік желіге телміру кесірінен маңызды дүниелерден қалып бара жатқан секілді сезімді атайды. Тиісінше ол мазасыздықты арттырып,тіпті демалыс уақытына қарамастан тоқтаусыз ақпарат алмасуға деген тәуелділікті қалыптастырады (Santos,2023). Нәтижесінде ақпараттық жүктеменің салдарына салғырт қарауға болмайтыны, тіпті небір ауыр құбылыстарға итермелеуші фактор екендігі анықталды.

КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ ПАЙДА БОЛУ СЕБЕБІ

Ғаламтордың пайда болуынан ақпараттық жүктememен қатар , "киберқақтығыс" сынды феномен таныла бастады. Ақпараттық, телекоммуникациялық технологиялардың күрт дамуы цифрлық ортада адамдардың коммуникациясын осал етуде. Киберқақтығыс - бүгінгі таңда өте күрделі әрі қауіпті әлем деңгейінде қарастырылу керек деп танылған мәселелердің

бірі. Киберқақтығыстар виртуалды ортада ауқымды түрде зиян келтіруде, атап айтқанда: адамның жеке өміріне, түрлі жағдайларға қатысты үздіксіз теріс пікірлердің бой алуы. Аталған бұл құбылыс жоғары деңгейдегі құпиялылығымен ерекшеленеді, нақтыласақ, анонимділік пен шифрлану. Тағы бір ерекшелігі деп бопсалаушы мен жәбірленуші арасындағы арақашықтықтың маңызды еместігін негізге алса болады, себебі дамыған цифрлық ортада мыңдаған километрден де киберқақтығыс жалғасын табуда (Прушак,2023). Ақпараттық технологиялардың кеңінен таралуы мен ғаламтордың қолжетімді болуы адамдар арасында қорлаудың жаңа түрінің - **кибербуллингтің** пайда болуына әкелді. Кибербуллинг - бұл технологиялар (компьютерлер, ұялы телефондар) және ғаламтор (электрондық пошта, әлеуметтік желілер, мессенджерлер) арқылы жүзеге асатын қудалау түрі (Волкова, 2019). Осы зерттеуде көрсетілгендей, кибербуллингтың тікелей бетпе-бет жасалатын буллингтен өзгеше жүзеге асады. Мысалы, мыңдаған сайттар ұсынатын құпиялылық әсерінен пайдаланушылар айыптаудан қорықпай, әртүрлі әлеуметтік рөлдерді иемденеді. Экран артында жасырын отырған адам өзін қауіпсіз сезінгендіктен, екінші тарапқа еш қысылмай буллинг жасауды тоқтатпайды. Сонымен қатар, ғаламторда куәгер санының тым көп болуы мен бақылау жоқтығы да осы кибербуллингтың салдарын айтарлықтай нашарлатады. Бүгінде кибербуллингтің таралу деңгейі туралы нақты ақпараттар жоқ, өйткені әртүрлі зерттеулерде оған қатысу көрсеткіші **6%-дан 62%-ға дейін** өзгеріп отырады (Волкова, 2019) .

Күні бүгінде жеке ақпараттарды жариялауға мүмкіндік ашатын әлеуметтік желілер танымалдылыққа ие, әрі статистика бойынша 72 % жасөспірімде жеке аккаунттары бар. Алайда жеке шекаралар бұзылмауына және жеке ақпаратты теріс пайдаланбауға ешкім кепілдік бере алмайды (Бочарев,2014). Соның нәтижесінде киберқудалауға ұшыраған көп жастардың соңғы шешімі өз-өзіне қол жұмсаумен аяқталады. Волкова (2019) еңбегінде ренжітуші тараптың мотиві ретінде кек алуға деген қалау, көңіл көтеруге құмарлық, жолы болмаған адамды көріп, өзін жоғары санау, билік пен бақылауға ұмтылыс, жазалау жоқтығының сезімі, ашу мен ыза жатады.

КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ ТҮРЛЕРІ

Кибербуллинг тек ғаламтор мен байланыс құралдарын пайдалану арқылы ғана мүмкін болғандықтан, ақпараттық-технологиялық прогресс оның пайда болуына және кеңінен таралуына ықпал жасауда (Волкова,2019). Ғылыми әдебиеттерде кибербуллингтің ең кең таралған жіктелуі төмендегідей түрлерді қамтиды :

Қақтығыс (flaming) – екі немесе одан да көп адамдар арасында эмоцияға негізделген, қысқа және агрессивті хабарламалар арқылы туындайтын онлайн жанжал.

Қорлау (harassment) – жеке коммуникациялық ақпараттарды шектен тыс жүктеу арқылы қайталанатын қорлайтын хабарламалар жіберу. Қорлау көбіне топтық чаттар мен форумдарда кездеседі.

Жала жабу (denigration) – жалған әрі қорлайтын мәліметті әдейі цифрлық ортаға тарату.

Өзгенің атын жамылу (impersonation) – бопсалаушы жәбірленушінің әлеуметтік желідегі, электрондық поштасындағы аккаунтына қол жеткізіп, өзін сол адам ретінде көрсетуі. Қосымша қудалаушы ұқсас лақап атпен жалған аккаунт жасап, жәбірленушінің атынан өзгелермен бұрыс коммуникация жүргізуі мүмкін.

Алдау және әшкерелеу (outing & trickery) – жеке ақпаратты алдап алу және оны жариялау, өзге тұлғаларға тарату.

Оқшаулану (isolation) – жәбірленушінің

өз ақпаратына қол жеткізе алмауы. Бұл құбылыс парольмен қорғалатын жүйелерде байқалады.

Киберқудалау (cyberstalking) – адамды жасырын түрде бақылау, кейін офлайн кеңістікте шабуыл жасау, күш көрсету немесе жыныстық зорлық әрекеттерін ұйымдастыру мақсатында жүзеге асатын қудалау. Бұл ең қауіпті әрі заңмен қатаң қудаланатын кибербуллингтің түрі.

Хэппислеппинг (happy slapping) – нақты зорлық-зомбылық көріністері бар бейнелерді мобильді телефондар, камералар арқылы түсіріп, оларды ғаламторға жариялау.

Секстинг (sexting) – жалаңаш немесе жартылай жалаңаш адамдар бейнеленген фото және бейнематериалдарды тарату, интернет көзіне жариялау (Волкова,2019).

Көптеген зерттеулерде кибербуллингтың құрылымына қудалаушы, жәбірленуші, куәгер кіреді, бұрын буллингтың құрбаны болған адам ғаламторда агрессор немесе қудалаушы болуы мүмкін деген тұжырым бар. Бочаревтің зерттеуіне (2014) сай, кибербуллингтың рөлдік құрылымы бірдей, алайда қыздар көбінесе қақтығыстарға бейім деген болжам бар, ал ұлдар киберқудалау мен шабуылдарға қатысады. Кибербуллингтың одан әрі дамуына құрдастары, оқытушы, ата-анасының жағымды немсе бейтарап көзқарасы себеп болады, бұл балаларда кибербуллинг аса қатты назар аударатын дүние емес, әрі одан келер негативті әсері жоқ деген түсінікті қалыптастырады. Өз кезегінде кибербуллинг тұлғааралық қатынастарда байқалса, екі тарап арасындағы араздасушылық артуымен байланыс бұзылады. Қазіргі кезде ата-аналардың кибербуллинг туралы түсінігі айтарлықтай аз, кейін олар балаларын әрдайым ғаламтордың қысымынан қорғай алмайды. Сондықтан ең алдымен профилактика мен ескерту жұмыстары ата-анадан басталуы керек. Ата-ананың эмоционалды қолдауы өз уақытында бала үшін маңызды, бастысы балаға өзін кибербуллингтен қалай қорғау керек екенін анық түсіндіру. Дегенмен ғаламторға мүлдем тыйым салу эффективті емес, баланы заман талабына сай тежемей тәрбиелеу керек (Ивановна, 2020). Бәріне ортақ ұсыныстарға: жеке ақпараттарды жарияламау, егер кибербуллингке ұшыраса бірден сайт әкімшілігіне жүгіну, оқиға кезінде үндемей қалмау, тиісті органдарға хабарлау жатады. Педагогтар мен психологтарға бала туралы қосымша факторлар яғни, мазасыздық, суицидалды ойлар, өмірлік қажеттіліктері, тұрақты өзін бағалауы, құрдастарымен ара қатынасы мен психоэмоционалды жағдайын біліп алуы маңызды.

АҚПАРАТТЫҚ ЖҮКТЕМЕ МЕН КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС САПАСЫНА ӘСЕРІ

Зерттеулер кибербуллингтің адам психологиясы мен физиологиясына айтарлықтай кері әсер ететінін және әлеуметтік тұрақсыздыққа ықпал жасаушы факторлардың бірі екенін жеткізді. Сол үшін кибербуллингтың салдарын анықтау және оның мәнін түсіну ғаламтордағы мінез-құлыққа қатысты ғылыми деректерді әзірлеу, ғаламтор қолданушыларының физикалық және психикалық денсаулығын қорғау, сондай-ақ әлеуметтік тұрақтылық пен бірлікті сақтау мемлекеттік саясаткерлер үшін маңызды міндет болып саналады (Fan,2021) Кибербуллинг пен ақпараттық жүктеменің адамның қарым-қатынас дағдыларына аса қатты зияны тигізетінін де ескеру керек. Сонымен қатар, Beaudoin (2008) зерттеуінде тұлғааралық сенім мен дұрыс байланысқа ақпараттық жүктемеге ұшырамаған адамдар ғана қол жеткізе алады деп баяндалған. Ақпараттық жүктеме қаншалықты артса, соншалықты тұлғааралық қарым-қатынаста сенім төмендеп, жиі кикілжіңдер орын алады деген гипотеза зерттеу барысында расталды.

Соңғы жылдарда әлеуметтік желілердегі **ақпараттық шамадан тыс жүктеме** мәселесіне, әсіресе интернет көзін пайдаланушылардың психологиясы, ақпаратты қабылдау мінез-құлқы туралы зерттеулердің айтарлықтай артқаны көрінеді. Әлеуметтік желілер шынайы өмірде офлайн қарым-қатынастар аясында байланыс орнатуды одан әрі жеңілдеткенімен, олар күтпеген жерде қақтығыс, мазасыздық, жалғыздық және басқа да жағымсыз эмоциялардың туындауына себеп болады (Wang,2024)

ҚОРЫТЫНДЫ

Ақпараттық жүктеменің шамадан тыс артуы мен киберқақтығыстар қазіргі қоғамдағы, адамдар арасындағы қарым-қатынас сапасына кері әсерін тигізеді. Ақпараттың шектен тыс көп болуы адамдардың эмоционалдық жағдайын әлсіретіп, ашуланшақтыққа, немқұрайлылыққа әкеледі, салдарынан кибербуллингтің пайда болуына қолайлы жағдай қалыптастырылады. Қорыта келе, кибербуллинг екі тараптан да сенімнің төмендеуінің, әлеуметтік оқшаулану мен қарым-қатынастың құлдырауының бастаушы күші. Сол үшін толассыз ақпараттық жүктеме атты мәселесі бар заманда салауатты қарым-қатынасты сақтап қалу үшін ақпаратты саналы түрде іріктеу, цифрлық білімді дамыту және өзара құрметке негізделген онлайн мінез-құлықты этикалық стандарттар арқылы қалыптастыру аса маңызды.

ӘДІСТЕМЕ БӨЛІМІ

ЗЕРТТЕУ ӘДІСІ

Зерттеу сандық әдіс арқылы жүргізілді. Сауалнама 16 сұрақтан тұрады, сұрақтар тізімін сауалнаманы 2 бөлімге бөлу арқылы ақпараттық жүктемені және киберқақтығысты өлшеуге бағытталған. Қатысушылардан алынған жауаптар корреляциялық талдау арқылы өңделеді. Деректер сапалық әдістен сандық әдіске қолмен алмастырылып, Excel бағдарламасында нәтижелер өңделді. Нәтижесінде ақпараттық жүктеме мен киберқақтығыстар арасындағы байланысты анықтап, қазіргі таңда студенттер арасында мәселенің өзектілігі анықталды.

ҚАТЫСУШЫЛАР

Зерттеу 18-20 жас аралығындағы 1-2 курс университет студенттері арасында жүргізілді. Зерттеуге қатысушылар саны 150 адам деп жоспарланып, нәтижесінде 150 адам қатысты. Жынысы бойынша 81 әйел адам, 69 ер адам қатысты. Нәтижелерді тазалау барысында бос жауап ұяшықтары бар 6 қатысушының жауабы есепке алынбай, тізімнен жойылды. Соңында деректерді өңдеуге N=144 респонденттің жауабы есепке алынды. Қатысушылар зерттеуге қатысуға толықтай ерікті түрде кездейсоқ іріктеме арқылы таңдалған студенттер.

ДЕРЕКТЕРДІ ЖИНАУ

Деректер онлайн сауалнама арқылы жиналды. Сауалнама Google Forms бағдарламасында тағайындалып, басқа онлайн платформалар (Instagram, Whatsapp) арқылы студенттерге таратылды. Қатысушылар сауалнаманы толтыру үшін сілтемеден өтіп, толықтай өз еріктерімен қатысты

САУАЛАНАМАҒА ҚАТЫСТЫ ЭТИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

Сауалнамаға барлық қатысушылар өз еріктерімен қатысты, сауалнаманың тақырыбының төңірегінде сауалнама анықтамасы бөлімінде келісу мәтіні жазылды. Мәтінде қатысушылар тек өз еріктерімен ғана қатыса алатындығы, кез келген уақытта қажет болған жағдайда сауалнамадан өтуден бас тарта алатыны жайлы ақпарат берілді. Сауалнама минималды тәуекел қағидаларына сай жүргізіліп, қатысушыларға еш зиян келтірмеу принципі сақталды. Сауалнама нәтижелерін талдау барысында толықтай құпиялылық сақталатыны, жауаптар тек ғылыми зерттеудің аясында ғана қолданылатыны қатысушыларға

жеткізілді. Сауалнаманың басындағы келісімді зерттеу жұмысының соңындағы қосымша (Appendix) бөлімінен көруге болады.

ПИЛОТТЫҚ ЗЕРТТЕУ

Пилоттық зерттеуге 60 адам қатысты, ал зерттеудегі деректі қатысушылардан жинау уақыты 1 күнді құрады. Пилоттық зерттеу сауалнаманың түсінікті екеніне көз жеткізу және болжамды қателерді табуға, керек болған жағдайда түзетулер жасалады. Бұл пилоттық зерттеудің мақсаты - сұрақтар мен шкала сенімділігін тексеру. Пилоттық зерттеу көмегімен кейбір сауалнама сұрақтарын қайта қарау қажеттілігі туындады, себебі кейбір сұрақтардың мағынасы адамдарға түсінікті емес болып шықты, соның әсерінен келесі нақты жаңа сауалнамадағы сұрақтарға өзгерту енгізілді. Терминдер мен қиын сөздер алынып тасталды да, оның орнына оңай сөздерге алмастырылды.

СЕНІМДІЛІК ПЕН ДЕРЕКТЕРДІ ТАЛДАУ

Пилоттық зерттеудегі шкаланың сенімділігі Cronbach's alpha арқылы бағаланды ($\alpha \geq 0.70$). Пилоттық зерттеудің сенімділгін анықтау үшін Google Form бағдарламасындағы деректерді Excel бағдарламасына салып, кейін Jamovi бағдарламасынан Cronbach's alpha 0.899 болып, McDonald's (ω) 0.897 деген жауап арқылы есептелді (1-кестеде). Деректерді талдау Jamovi бағдарламасында жүзеге асырылды, нәтижесінде Pearson корреляциясы және регрессиялық талдау әдістері қолданылып, ақпараттық жүктеме мен киберқақтығыстың қарым-қатынасқа әсері бағаланды. Нәтижесінде пилоттық зерттеудің сенімділігі жоғары деген тұжырымға келуге болады.

	Кронбах (α)	Макдональдс (ω)
Шкала	0.899	0.897

1-кесте. Пилоттық зерттеудегі сауалнама сенімділігі.

Пилоттық кезеңде алынған нәтижелер есебімен шкалалар қайта жетілдірілді. Негізгі зерттеу деректері жиналғаннан кейін сенімділік коэффициенттері қайта қаралып, есептелді.

Қолданылатын құралдар
Бұл зерттеу үшін **жеке авторлық сауалнама** қолданылды. Сауалнама келесі сұрақтарды қамтиды:

1-БӨЛІМ: АҚПАРАТТЫҚ ЖҮКТЕМЕ (8 СҰРАҚ)

1. Әлеуметтік желілерде оқуға қатысты келетін хабарламалардың көптігі сізді жалықтыра ма?

2. Оқуға қатысты үздіксіз келетін электронды хаттарды оқу сіз үшін қиынға соға ма?

3. Оқу платформаларындағы (Canvas, Platonus т.б.) жаңартулар мен хабарламалардың көптігі мазаңызды ала ма?

4. Оқуға қажетті мәліметті іздегенде, ақпараттың көптігінен шатасып кетесіз бе?

5. Оқу мәліметтерінің толассыздығынан психологиялық қысым (ақпараттық салмақ) сезінесіз бе?

6. Бір уақытта келген көп хабарламаны реттеу, оларға жауап беру сізге қиындық туғыза ма?

7. Оқу ақпаратының шектен тыс көп болуы сізде стресс немесе мазасыздық тудыра ма?

8. Хабарламаларды оқып, реттеуге күнделікті тым көп уақытыңыз кете ме?

2-БӨЛІМ: КИБЕРҚАҚТЫҒЫСТЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСҚА ӘСЕРІ (8 СҰРАҚ)

1. Әлеуметтік желіде жазған пікіріңізге немесе суретіңізге басқалардан жағымсыз (негативті) пікірлер алдыңыз ба?

2. Оқу топтарында (чаттарда) сізге қатысты агрессивті немесе қорлайтын сөздер айтылды ма?

3. Әлеуметтік желілерде жеке өміріңізге қатысты өсектер немесе мазақтаулар болды ма?

4. Интернетте сіз туралы шындыққа жанаспайтын (жалған) мәліметтер әдейі таратылды ма?

5. Жеке хабарламада немесе пікірде сізге қоқан-лоқы (қорқыту) көрсетілді ме?

6. Сіздің атыңыздан жалған парақшалар ашылып немесе негізсіз айыптаулар жарияланды ма?

7. Сіздің рұқсатыңызсыз жеке суреттеріңіз немесе мәліметтеріңіз желіде бөлісілді ме?

8. Желідегі кикілжіңдер сіздің басқа адамдармен қарым-қатынасыңызға (сенімнің төмендеуі, реніш) кері әсерін тигізді ме?

1. САУАЛНАМАНЫҢ МАҚСАТЫ

Бұл сауалнаманың мақсаты - студенттердің **ақпараттық жүктеме** мен **киберқақтығыс деңгейін** анықтап, қарым-қатынастың сапасына әсерін зерттеу. Сауалнама екі негізгі бөлімнен тұрады:

1. АҚПАРАТТЫҚ ЖҮКТЕМЕ

2. КИБЕРҚАҚТЫҒЫСТЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСҚА ӘСЕРІ

Сауалнама 16 сұрақтан тұрады, оның әрқайсысы **Лайкерт шкаласы** арқылы бағаланады.

2. САУАЛНАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Сауалнаманың құрылымы 3 бөлімнен тұрады:

1. **Демографиялық сұрақтар** (жасы, жынысы және т.б.)

2. **Ақпараттық жүктеме шкаласы** (8 сұрақ)

3. **Киберқақтығыстың қарым-қатынасқа әсері шкаласы** (8 сұрақ)

Қолданылған шкала: Сауалнамада **1–5 Лайкерт шкаласы** қолданылады (1 - ешқашан 2 - өте сирек 3 - кейде 4 - жиі 5 - өте жиі). Бұл шкала сұрақтарға қатысушының пікірі мен сезімін өлшеуге қолданылатын шкала, ол **қысқа жауап** ретінде, әрбір сұрақтың бірқатар жауап нұсқаларын ұсынады. Бұл шкала **5 балдық жүйемен** қолданылады.

Шкаланың құрылымы:

1 балл	Ешқашан
2 балл	Өте сирек
3 балл	Кейде
4 балл	Жиі
5 балл	Өте жиі

2-кесте. Бұл шкаланың баллдық құрылымы қатысушылардың **жоғары/төмен** деңгейдегі пікірін анықтауға мүмкіндік ашады.

ИНТЕРПРЕТАЦИЯ

1 балл ешқашан: Қатысушы сұраққа қатысты ешқашан мұндай жағдайды сезінбегенін көрсетеді.

2 балл өте сирек: Қатысушы мұндай жағдайды өте сирек кездестіретінін білдіреді.

3 балл кейде: Қатысушы мұндай жағдайды кейде, яғни белгілі бір кезеңде сезінуі мүмкін.

4 балл жиі: Қатысушы жиі мұндай жағдайлармен кездескенін көрсетеді.

5 балл жиі: Қатысушы мұндай жағдайларды өте жиі кездесетініне келіседі.

Қарым-қатынас сапасы мен ақпараттық жүктеме арасындағы байланысты талдау кезінде, жоғары балл (4–5) алған сұрақтар қарым-қатынастың немесе ақпараттық жүктеменің қарқынды түрде әсер ететінін көрсетеді, ал төмен балл (1–2) бұл факторлардың қарым-қатынасқа аз әсер ететінін білдіреді.

НӘТИЖЕЛЕР

ЗЕРТТЕУ ҚҰРАЛЫНЫҢ ВАЛИДТІЛІГІ МЕН СЕНІМДІЛІГІН АНЫҚТАУ

Сауалнаманың статистикалық сипаттамаларын тексеру мақсатында Jamovi бағдарламасы арқылы валидтілік пен сенімділік талдаулары жүргізілді. Деректерді талдау Jamovi бағдарламасында жүзеге асырылды, нәтижесінде Pearson корреляциясы және регрессиялық талдау әдістері қолданылып, ақпараттық жүктеме мен киберқақтығыстың қарым-қатынасқа әсері бағаланды.

Конструктивті валидтілік: Факторлық талдау жүргізбес бұрын, бұл деректердің жарамдылығы арнайы формуламен тексеріліп шықты. Бартлетт тестінің нәтижесі жоғары маңыздылықты көрсетті ($p<0.001$) 3-кестеде , бұл деректердің факторлық талдауға толық жарамды екенін дәлелдейді. Себебі, Бартлетт тестінің нәтижесі $p<0.05$ шегінен аз болуы сұрақтар бір-бірімен байланысты, факторлық құрылымды анықтауға болатын байланыс бар деп көрсетеді. Кайзер-Мейер-Олкин (КМО) көрсеткіші 0.794-ке тең болып, іріктеме адекваттылығының жоғары деңгейін көрсетті. Таңдаманың факторлауға жарамды екеніне сәйкестік өлшем психометрия стандартына сай болуы (0.600-ден жоғары болуы) дәлел болады.

3-кесте Бартлетт тестінің нәтижесі мен Кайзер-Мейер-Олкин (КМО) көрсеткіші

χ^2	df	p
478	120	$p<0.001$

Сенімділік: Зерттеуде көрсетілген «ақпаратттық жүктеме» мен «киберқақтығыс» шкалаларының сенімділігін анықтау мақсатында сенімділік талдауы жасалды. Сауалнаманың ішкі үйлесімділігі Кронбах альфасы ($\alpha=0.808$) стандартқа сәйкес 0.700-ден жоғары болып шықты, сауалнаманың біртектілігін, ішкі құрылымының жоғары деңгейде сенімділігін айғақтап көрсетіп тұр. Бұл көрсеткіштен қатысушылардың сауалнама сұрақтарына салғырт қарамай, керісінше нақты әрі жүйелі жауап бергенін көрсетеді.

Макдональдс омегасы ($\omega=0.810$) коэффициенттері арқылы тексерілді (4-кестеде). Алынған көрсеткіштер стандартқа сай, 0.700-ден жоғары деңгейдегі сенімділікті және біртектілігін көрсетіп, сауалнама нәтижелерінің тұрақтылығына кепілдік береді. Нәтижесінде жауаптар кездейсоқ еместігі, жасырын айнымалыны өлшеу кезінде ішкі консистенттілігі жоғары, бұл көрсеткіштер ғылыми зерттеудің сенімділігі жоғары екенін растайды.

	Кронбах (α)	Макдональдс (ω)
Шкала	0.808	0.810

4-кесте Зерттеу нәтижесінің сенімділік талдауы.

ФАКТОРЛЫҚ САЛМАҚ (FACTOR LOADINGS)

Зерттеудің кезекті тұсы факторлық салмағын талдау барысында сауалнама сұрақтарының басым көпшілігі 0.400-ден жоғары салмақты иеленді, нәтижесінде сұрақтар бір-бірімен байланысты, бір факторға жиылған. Сауалнаманың бірінші бөлігіндегі ақпараттық жүктемеге қатысты 2-сұрақтың:

Оқуға қатысты үздіксіз келетін электронды хаттарды оқу сіз үшін қиынға соға ма?

факторлық салмағы (λ=0.512) болды, ал екінші бөлігіндегі киберқақтығыстың салдары жайында 8-сұрақтың:

Желідегі кикілжіңдер сіздің басқа адамдармен қарым-қатынасыңызға (сенімнің төмендеуі, реніш) кері әсерін тигізді ме?

факторлық салмағы ең жоғары көрсеткішті көрсетті (λ=0.690). Бұл алынған нәтижелер сауалнамада қолданылған сұрақтардың өзара ішкі құрылымдық бірізділігін және желілік шиеленісу деңгейін өлшеудегі ғылыми жарамдылығын толықтай дәлелдейді.

САУАЛНАМА СҰРАҚТАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Сауалнаманың жоғарыда атап өтілген маңызды деп саналатын сұрақтарына талдау жасайтын болсақ, төменде 1-суретте ақпараттық жүктеме бөлімінің сұрағы көрсетілген.

Қатысушылардың жауабы жалпы қоса алғанда 84 % пайызы жиі, өте жиі болды, бұл ақпараттық жүктеменің студенттерге қиынға соғатынының айқын көрсеткіші, әрі ғылыми гипотезаны растайды. Оқу үдерісіндегі толассыз хаттарды оқу «өте жиі» қиынға соғатынын 46 %-ы респондент белгілесе, «жиі» деп 38% қатысушы жауап берді. Келесі кезекте 13%ықатысушы бұл сұраққа «кейде» деп, 3% қатысушы «өте сирек» деген жауапты белгіледі.



1-сурет. Ақпараттық жүктеме бөлігіндегі 2-сұрақтың диаграммасы

Ескерту. Бұл нәтижелер авторлық сауалнаманың нәтижелерінен алынған.

Келесі кезекте сауалнаманың екінші бөлігі киберқақтығыстар тақырыпшасына байланысты 8-сұрақтың нәтижесі талданды (2-суретте). Бұл сұрақтың жауаптары толықтай ғылыми гипотезадағы киберқақтығыстың қарым қатынас сапасына кері әсер ететінін дәлелдеп, айқын түрде растайды. Қатысушылар-

дың басым көпшілігі нақты қоса айтқанда, 87 % көрсеткіші «өте жиі» және «жиі» деп жауап беріп,

59 %-ы «өте жиі» , 39%-ы «жиі» деген жауап ұяшықтарын таңдаған. Респонденттердің 2%- ы«кейде» , 1%-ы «өте сирек» деп жауап берді. Жауаптардың бұл көрсеткіші желідегі қақтығыстар коммуникацияға өз кезегінде зиянын тигізіп, сенімнің төмендеуіне ықпал жасайтынын көрсетеді.



2-сурет. Киберқақтығыстардың коммуникацияға әсері туралы сұрақтың диаграммасы

Ескерту. Бұл нәтижелер авторлық сауалнаманың нәтижелерінен алынған.

Корреляциялық талдау нәтижелері (Pearson r және p көрсеткіштері)

Зерттеу жұмысындағы екі айнымалы «ақпараттық жүктеме» мен «киберқақтығыс» феномендерінің арасындағы өзара байланысты анықтау үшін корреляциялық талдау жасалды, Пирсонның r коэффициенті анықталды (5-кесте).

5-кесте. Ақпараттық жүктеме мен киберқақтығыстардың корреляциялық матрицасы.

Айнымалылар	1.Ақпараттық жүктеме (жалпы балл)	2.Киберқақтығыс (жалпы балл)
1. Ақпараттық жүктеме	-	-
2. Киберқақтығыс	0.606	-

5-кестеде көрсетілген деректерге сай, ақпараттық жүктеменің деңгейі мен студенттердің киберқақтығысқа тап болу көрсеткіштері арасында статистикалық жағынан жоғары деңгейдегі нақты оң корреляциялық байланыс табылды (Pearson r = 0.606, p < 0.001). Жоғарыдағы көрсеткіш қатысушылардың өмірінде, оқу үдерісінде ақпарат ағыны арта бастаған сайын, тиісінше олар психоэмоционалдық түрде тұрақсыздау болып, студенттер ақпарат толассыздығынан деструктивті коммуникация әдістерімен цифрлық ортада жиі қақтығыстарға душар болатыны ғылыми тұрғыдан дәлелдейді.

Регрессиялық талдау нәтижелері (Regression coefficients және Effect size)

Ақпараттық жүктеме (тәуелсіз айнымалы) қазіргі таңдағы өршіп тұрған киберқақтығыстар деңгейін (тәуелді айнымалы) болжап, олардың арасындағы ықпал ететін өлшеуді табу үшін зерттеуде сызықтық регрессиялық талдау іске асты. Талдаудың нәтижелері 6-кестеде толықтай көрсетілген.

6-кесте. Ақпараттық жүктеменің киберқақтығыстар деңгейіне әсерінің сызықтық регрессиялық талдауы

Айнымалылар	Вес (Regression Coefficient)	SE (Стандартты қателік)	t	p
Константа	1.284	0.3325	3.86	<0.001
Ақпараттық жүктеме	0.701	0.0773	9.07	<0.001

Үлгінің көптік корреляциясы R=0.606 Effect size (R^2 = 0.367) Студенттер саны N=144, Фишер критерийі F(1,142)=82.2, p<0.001.

Жоғарыда 142 деп көрсетілген көрсеткіш еркіндік дәрежесі, (df) df=N-2 N- зерттеудегі нақты қастысқан қатысушылар саны 144 2-регрессиялық моделдің тұрақтыларының саны (константа мен ақпараттық жүктеме). Көрсеткіштер регрессиялық талдаудың нәтижесі өте жоғары деңгейде екенін көрсетеді (p<0.001). Сонымен қатар, талдауда әсер ету көлемін (effect size) көрсетуші коэффициенті (R2=0.367) бұл дегеніміз цифрлық ортада студенттердің қақатығысқа ұшырауы(киберқақтығыс) мен қарым-қатынас сапасының нашарлауы арасындағы дисперсиясы 36.7% пайызы ақпараттық жүктеме әсерінен екенін көрсетеді. Бұл ғылыми зерттеулердегі стандарттарға сай өте жоғары, айқын әсер ету көрсеткіш. Кестедегі

Вес=0.701 SE=0.0773 t=9.07 p<0.001

регрессиялық коэффициенттерді жекеше талдау барысында ақпараттық жүктеме киберқақтығысқа тигізер әсері ғылыми стандартқа сай оң мәнді болып шықты. Талдаудан шығатын қорытындыға келсек, студенттердің ақпараттық жүктеме деңгейі 1 баллға артуы әсерінен киберқақтығысқа тап болу көрсеткіші 0.701 баллға өседі, нақтырақ айтсақ кестедегі көрсеткіштер нағыз ықпал ететін параметр деп есептеуге келеді. Зерттеудің басында жазылған гипотезасын толықтай, нақты стандартқа сай көрсеткіштер арқылы растады: бүгінгі күні цифрлық ортадағы шектен тыс ақпараттық жүктеме студенттердің өзара қарым-қатынас сапасына, адамдар арасындағы сенім деңгейіне айтарлықтай нұқсан келтіріп, киберқақтығыстардың пайда болуына ықпал етуші фактор екені ғылыми тұрғыда дәлелденді.

Қатысушылардың гендерлік ерекшеліктеріне тоқталар болсақ, жыныстық айырмашылық ақпараттық жүктемеден қажу деңгейі мен желідегі қақтығыстарға жиі түсу жиілігіне әсерін анықтау үшін бағдарламасында еркін таңдамаларға сай Стьюденттің t-критерийі (Independent Samples T-Test) жасалды. Талдау нәтижелері төмендегі 7-кестеде жинақталып көрсетілген.

Айнымалылар	Жынысы	N	M	SD	t	df	p
Ақпараттық жүктеме	Ерлер	69	4.31	0.454	0.662	142	0.509
	Әйелдер	75	4.26	0.383			
Киберқақтығыс	Ерлер	69	4.29	0.580	0.360	142	0.719
	Әйелдер	75	4.27	0.385			

7-кесте. Қатысушылардың көрсеткіштерін гендерлік тұрғыдан салыстыру

Ескерту. Статистикалық маңыздылық шегі p<0.05 деп есептелген.

Гендерлік тұрғыдан салыстыру қорытындысы бойынша, ерлер мен әйелдер топтары арасында ақпараттық жүктеме деңгейінде t142=0.662, p=0.509, киберқақтығыс белсенділігінде t142=0.360, p=0.719 аса маңызды айырмашылық табылған жоқ. Екі айнымалы үшін де p-мәні 0.05 шегінен асып, орташа мәндері (M) бір-біріне өте жақын болып шықты. Нәтижесінде қазіргі таңдағы ақпараттық жүктемеден шаршау мен ғаламтордағы қақтығыстар үдерістерінің гендерлік факторға тәуелсіз екенін және жалпы студенттік контингентке ортақ психологиялық заңдылық екенін ғылыми түрде растап, дәлелдейді.

ТАЛҚЫЛАУ (DISCUSSION)

Зерттеудің нәтижелерін талдау барысында Jamovi бағдарламасының көмегімен жасалған талдауда екі айнымалы ақпараттық жүктеме мен киберқақтығыс арасында анық оң байланыс шықты (F(1,142)=82.2,p<0.001). Көрсетілген көрсеткіш студенттер интернеттегі толассыз хаттардан, ақпараттың шектен тыс болуынан, оқудан немесе чаттардан миы шаршаған кезде, психологияда термин атауы (когнитивті қажу), олардың жүйкесі жұқарып, психоэмоционалық күйзеліске түседі. Салдарынан шаршаған студенттер күнделікті өмірде эмоциясын басқара алмай, әлеуметтік желіде әлдекіммен жанжалдасуға, хейт жазуға немесе біреудің хабарлама жазғанына бірден агрессиямен жауап беруге (киберқақтығысқа) бейім болады. Зерттеудің ғылыми гипотезасы расталып, ақпараттық жүктеме артқан сайын киберқақтығысқа бейім болу арта түседі. Осы тақырыптағы зерттеулерді қарастыра келе, екі айнымалының арасындағы байланыс оң екенін байқауға болады. Beaudoin (2008) зерттеуінде «тұлғааралық сенім мен дұрыс байланысқа ақпараттық жүктемеге ұшырамаған адамдар ғана қол жеткізе алады» - деген тұжырымдамасы ғылыми тұрғыда тағы да осы зерттеу аясында дәлелденді. Сауалнамада киберқақтығыстарға қатысты сұрақта 2-суретте көрсетілгендей, қатысушылар желідегі қақтығыстар сенімнің төмендеуіне, өзара реніш пен ыза пайда болатынына негізгі фактор екенін жасырмады.

Ильюшенко (2011) еңбегінде көрсетілгендей, «ақпараттық жүктеме әсерінен психологиялық шаршау - бұл құбылыс жеткіліксіз немесе шамадан тыс көп мәліметтер ұсынатын ақпарат көздеріне үнемі нәтижесіз жүгінуден пайда болады, қажет кездерде маңызды мәселені шешуді қиындатып, адам бойында немқұрайдылық қалыптасады» -деген тұжырымға зерттеудің нәтижесі тура сай келді, 1-суретте бейнеленген көрсеткіштер шамадан тыс хаттар адамды шаршатып, психологиялық қажуға дейін жеткізетініне дәлел бола алады.

Нәтижелер бөлімінде көрсетілген Т-тест нәтижесінен ерлер мен әйелдер арасында ақпараттық қажу мен киберқақтығысқа бой алдыру деңгейінде айфрмашылық байқалмады. Көрсеткіштердің бірдей шамаға ұқсас болуынан шығатын қорытындыны талдап көрер болсақ, қазіргі таңда ерлер де әйелдер де бірдей интернет көзін пайдаланады. Әлеуметтік желіде отыру, ортақ чаттарда сөйлесу, онлайн платформаларға тіркелу екі жыныстағы адамдарға тән құбылыстар. Зерттеу нәтижесі Васильевтің (2016) еңбегіне негіз бола алады, ол еңбекте Иоанның пікірінше:

«Белгілі бір құралды жақсы немесе жаман ететін – оны пайдалану тәсілі. Бұл қағида электрондық технологияларға да, интернет кеңістігіне де және қазір қолданылатын өзге де құралдарға да қатысты», себебі бұл мәселеде адамның гендерлік айырмашылығы емес цифрлық технологияны қалай пайдала-

нуы маңыздырақ.

Зерттеу жұмысы ғылымға теориялық және практикалық түрде өз үлесін қосты. Теориялық үлесі бойынша Қазақстандық студенттер арасында ақпараттық жүктеме мен киберқақтығыстардың байланысын анықтайтын сауалнамадан нақты статистика шығып, оң байланыс анықталды. Ақпараттық қажу мен киберқақтығысқа түскен адамның қарым-қатынас сапасы нашарлайтыны да расталды. Алынған нәтижелерді киберпсихология, цифрлық психология бағыттарына таптырмас теориялық негізге алуға болады. Практикалық үлесі ретінде жоғары оқу орындарында студенттердің желідегі ахуалына қарай арнайы тренингтарға себепші болатын зерттеу жұмысында дәлелдер бар. Студенттерге ақпараттық жүктеме мен киберқақтығыстардан аулақ болу үшін ақпаратты сұрыптап, медиасауаттылыққа баулу керек.

Зертеудің шектеулеріне келсек, деректерді жинау бір уақытты алды, бірнеше жыл бойы бақыланатын логитюдтік әдіспен жиналмады. Зерттеу тек кішігірім деңгейде орын алып, Қазақстанның университеттерімен шектелді. Әлемдік деңгейдегі студенттердің жауаптары зерттелген жоқ. Зерттеуге 150 респондент қатысқанына қарамастан соңғы нәтижелерде кейбір сұрақтарға 6 респондент шала жауап бергені (бос ұяшық) байқалды. Соның әсерінен 144 студентке қысқарды.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Ақпараттық жүктеменің шамадан тыс артуы мен кибербуллинг қазіргі қоғамдағы, әсіресе жоғары оқу орындарындағы студенттер арасындағы қарым-қатынас сапасына кері әсерін тигізеді деген гипотеза зерттеу барысында расталды. Ақпараттың шектен тыс көп болуы адамдардың эмоционалдық жағдайын әлсіретіп, ашуланшақтық, немқұрайлылыққа әкеледі, салдарынан кибербуллингтің пайда болуына қолайлы жағдай қалыптастырылады. Зерттеуден студенттердің ақпараттық жүктеме деңгейі мен киберқақтығыстар деңгейінде айтарлықтай гендерлік айырмашылық анықталған жоқ. Бұл екі айнымалының пайда болу себебіне жыныстық ерекшелік факторынан бөлек факторлар әсер ететінін көрсетті. Зерттеудің ғылыми жаңалығына киберпсихология саласына таптырмас теория болатын ақпараттық қажу мен оның цифрлық желідегі киберқақтығысқа әсері математикалық модельмен талдануын жатқызуға болады. Қазақстандық студенттер арасында өткізілген авторлық сауалнаманың сенімділігі мен валидтілігі жоғары деңгейді көрсетіп, ғылыми тұрғыдан алғаш бекітілді.Зерттеудегі материалдарды жоғары оқу орындарында, психологиялық қызмет көрсету орталықтарында пайдалануға болады. Сонымен қатар, когнитивті қажудан шығу мен цифрлық тайм-менеджментті басқару сияқты тренингтерде практикаға іске асыруға да болады. Келешекте осы бағыттта жүргізілетін зерттеулерге келесі ұсыныстар ұсынылады: іріктеу көлемін көбейту, елдегі барша студент жиынытығын жинау үшін басқа да аймақтарға тарату. Зерттеуді бір уақытта емес, лонгитюдтік әдіспен бақылап көру, мысалы емтихандар аптасы кезінде және қарапайым сабақ күндерінде айнымалылар өзгерісін байқауға болады. Зерттеуге студенттердің мамандығы да негізгі мәлімет ретінде сұралуы, техниканы жиі қолданатын мамандықтарға басымдық беруге де болады. Қорытындылай келе, ақпараттық жүктеме мен киберқақтығыс екі тараптан да сенімнің төмендеуіне, әлеуметтік оқшаулану мен қарым-қатынастың құлдырауына бастаушы күш болады деген тұжырымға келуге болады. Сондықтан адамдар арасында салауатты қарым-қатынасты сақтау үшін ақпаратты саналы түрде іріктеу, цифрлық білімді дамыту және өзара құрметке негізделген онлайн мінез-құлықты этикалық стандарттар арқылы қалыптастыру аса маңызды.

ҚОСЫМША (APPENDIX)

САУАЛНАМАДАҒЫ КЕЛІСІМ МӘТІНІ

Құрметті қатысушы!

Сізге ұсынылып отырған сауалнама ***«Ақпараттық жүктеме мен киберқақтығыстардың қарым-қатынасқа әсері»*** *тақырыбындағы ғылыми зерттеу жұмысының бір бөлігі болып табылады. Сауалнаманың мақсаты – қазіргі таңдағы студенттердің ақпараттық жүктеме деңгейін және киберқақтығыстардың қарым-қатынасқа әсерін бағалау. Сауалнамаға қатысу ерікті. Сіз кез келген уақытта себепсіз қатысудан бас тарта аласыз. Барлық жауаптарыңыз толық анонимді түрде жинақталады және сауалнама нәтижелері тек ғылыми зерттеу мақсатында пайдаланылады. Сауалнаманы толтыру арқылы сіз өз еркіңізбен және саналы түрде зерттеуге қатысуға келісім бересіз.*

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

Arnold, M., Goldschmitt, M., & Rigotti, T. (2023). Dealing with information overload: a comprehensive review. *Frontiers in psychology*, *14*, 1122200. https://doi.org/10.3389/fpsyg.2023.1122200

Beaudoin, C. E. (2008). Explaining the relationship between internet use and interpersonal trust: Taking into account motivation and information overload. *Journal of Computer-Mediated Communication*, *13*(3), 550-568. https://doi.org/10.1111/j.1083-6101.2008.00410.x

Fan, M., Huang, Y., Qalati, S. A., Shah, S. M. M., Ostic, D., & Pu, Z. (2021). Effects of information overload, communication overload, and inequality on digital distrust: A cyber-violence behavior mechanism. *Frontiers in psychology*, *12*, 643981

https://doi.org/10.3389/fpsyg.2021.643981

Santos, R. M. S., Mendes, C. G., Sen Bressani, G. Y., de Alcantara Ventura, S., de Almeida Nogueira, Y. J., de Miranda, D. M., & Romano-Silva, M. A. (2023). The associations between screen time and mental health in adolescents: a systematic review. *BMC psychology*, *11*(1), 127. https://doi.org/10.1186/s40359-023-01166-7

Shahrzadi, L., Mansouri, A., Alavi, M., & Shabani, A. (2024). Causes, consequences, and strategies to deal with information overload: A scoping review. *International Journal of Information Management Data Insights*, *4*(2), 100261. https://doi.org/10.1016/j.jjimei.2024.100261

Wang, L., Huang, W., Tang, F., Ruan, S., Peng, Q., Yang, M., ... & Wei, Z. (2024). Research on the mechanisms of information overload and information avoidance behavior in college students with psychological disorders in the context of social media.

https://doi.org/10.21203/rs.3.rs-3909071/v1

Wang, J., Huang, X., Wang, Y., Wang, M., Xu, J., & Li, X. (2022). COVID-19 information overload, negative emotions and posttraumatic stress disorder: A cross-sectional study. *Frontiers in psychiatry*, *13*, 894174. https://doi.org/10.3389/fpsyt.2022.894174

Бочавер, А. А., & Хломов, К. Д. (2014). Кибербуллинг: травля в пространстве современных технологий. Психология. Журнал Высшей школы экономики, 11 (3).

Васильев Тихон (2016). Негативные аспекты виртуальной коммуникации и их пастырская оценка. Христианское чтение, (6), 311–329. doi: 10.24411/1814–5574-2016-00099

Волкова Е. Н., Волкова И. В., & Голубовская А.С. (2019). Обзор зарубежных исследований по проблеме кибербуллинга среди подростков и молодежи. Теоретическая и экспериментальная психология, 12 (2), 71–81.

Гринева О. А. (2022). Информационная перегрузка человека в информационном обществе. Миссия конфессий, 11–8 (65), 193–199.

Ильюшенко А. А. (2011). Информационная перегрузка как фактор риска в современном обществе: пути преодоления.

Королев А. А. (2020). «ИНФОРМАЦИОННАЯ ПЕРЕГРУЗКА» КАК НОВЫЙ НЕГАТИВНЫЙ ФАКТОР ДЛЯ ПСИХИЧЕСКОГО ЗДОРОВЬЯ ЛИЧНОСТИ. *Bulletin of Medical Science*, (1s (17)), 24–25.

Прушак, К. А., & Савенок, В. А. (2023). Киберпреступность и киберконфликт в современном мире.

Санина Е. И., & Дегтярев Е. А. (2020). ПРОФИЛАКТИКА КИБЕРБУЛЛИНГА КАК ЦЕЛЬ СОЦИАЛИЗАЦИИ ПОДРОСТКОВ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОЙ СРЕДЫ. Проблемы современного педагогического образования, (68-4), 141-143.

Likert, R. (1932). *A technique for the measurement of attitudes*. Archives of Psychology, 140, 1-55.

DOI 10.51634/2307-5201_2026_11_82

СТОМАТОЛОГИЯЛЫҚ ПРОЦЕДУРА АЛДЫНДАҒЫ ҮРЕЙДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ФАКТОРЛАРЫ

Зекен Інжу Еркінқызы

Maqsut Narikbayev University, Астана, Қазақстан

ORCID iD: 0009-0004-9352-8054

i_zeken@kazguu.kz

Аннотация

Зерттеудің мақсаты — стоматологиялық процедуралар алдындағы пациенттердің үрейі мен қорқыныш деңгейін анықтау және осы күймен байланысты психологиялық факторларды талдау. Зерттеудің практикалық кезеңі Астана қаласы, Сарайшық көшесі, 7 мекенжайында орналасқан **“StomaK” тіс емханасы** базасында жүргізілді. Зерттеу нысаны ретінде стоматологиялық процедура алдында сауалнамаға қатысқан ересек пациенттер қарастырылды. Мақалада PRISMA 2020 қағидаттарына сүйенген әдебиеттерді іріктеу логикасы және сапалық ашық жауаптармен толықтырылған көлденең қималы сауалнама дизайны біріктірілді. Дереккөздер Web of Science, Scopus, Dimensions, PubMed және баспагерлердің DOI беттері арқылы ізделді. Зерттеу барысында стоматологиялық үрей, стоматологиялық қорқыныш, ауырсынудан қорқу, бұрынғы жағымсыз стоматологиялық тәжірибе, жалпы мазасыздық, стоматологқа сенім, белгісіздік және бақылауды жоғалту сезімі сияқты факторлар қарастырылды. Сандық бағалау үшін Modified Dental Anxiety Scale, Generalized Anxiety Disorder scale және психологиялық факторларды өлшейтін құрылымдалған сұрақтар блогы қолданылды. Сонымен қатар Dental Fear AI Lab платформасы арқылы пациенттің қорқыныш триггерлері, стоматологиялық ортаға реакциясы, инъекцияға байланысты мазасыздығы және медициналық қауіпсіздікке қатысты бастапқы мәліметтері, соның ішінде дәрілік препараттарға немесе анестетиктерге аллергия туралы ақпарат жинақталды. Зерттеу стоматологиялық үрейдің бір ғана фактормен түсіндірілмейтінін, оны когнитивтік бағалау, алдыңғы тәжірибе, ауырсынуды күту, жалпы мазасыздық, коммуникация сапасы және қабылданатын бақылау кіретін көпөлшемді психологиялық құбылыс ретінде қарастыру қажеттігін көрсетеді. Практикалық тұрғыдан бұл жұмыс стоматологиялық клиникаларда үрейді алдын ала анықтау, пациентке түсіндіру, эмпатиялық коммуникация және қысқа психологиялық қолдау стратегияларын жүйелеуге көмектеседі.

Түйін сөздер: стоматологиялық үрей; стоматологиялық қорқыныш; психологиялық факторлар; ауырсынудан қорқу; жалпы мазасыздық; аралас әдіс; пациенттер.

Abstract

The aim of this study is to determine patients' levels of anxiety and fear before dental procedures and to analyze the psychological factors associated with this condition. The practical stage of the study was conducted at the **"StomaK" dental clinic**, located at **7 Sarayshyk Street, Astana**. The research object was adult patients who participated in the survey before undergoing dental procedures. The article combines the logic of literature selection based on PRISMA 2020 principles with a cross-sectional survey design supplemented by qualitative open-ended responses. Sources were searched through Web of Science, Scopus, Dimensions, PubMed, and publishers' DOI pages. The study examined factors such as dental anxiety, dental fear, fear of pain, previous negative dental experience, generalized anxiety, trust in the dentist, uncertainty, and perceived loss of control. Quantitative assessment was carried out using the Modified Dental Anxiety Scale, the Generalized Anxiety Disorder scale, and a structured set of questions measuring psychological factors. In addition, the Dental Fear AI Lab platform was used to collect information about patients' fear triggers, reactions to the dental environment, injection-related anxiety, and initial medical safety information, including allergies to medications or anesthetics. The study shows that dental anxiety cannot be explained by a single factor; rather, it should be considered as a multidimensional psychological phenomenon involving cognitive appraisal, previous experience, expectation of pain, generalized anxiety, quality of communication, and perceived control. From a practical perspective, this work may help dental clinics systematize pre-procedure anxiety screening, patient explanation, empathic communication, and brief psychological support strategies.

Keywords: dental anxiety; dental fear; psychological factors; fear of pain; generalized anxiety; mixed method; patients.

Аннотация

Цель исследования — определить уровень тревожности и страха пациентов перед стоматологическими процедурами, а также проанализировать психологические факторы, связанные с данным состоянием. Практический этап исследования был проведён на базе стоматологической клиники **"StomaK"**, расположенной по адресу: **город Астана, улица Сарайшык, 7**. Объектом исследования выступили взрослые пациенты, принявшие участие в анкетировании перед стоматологической процедурой. В статье объединены логика отбора литературы на основе принципов PRISMA 2020 и дизайн поперечного анкетного исследования, дополненного качественными открытыми ответами. Источники были отобраны через Web of Science, Scopus, Dimensions, PubMed и DOI-страницы издателей. В исследовании рассматривались такие факторы, как стоматологическая тревожность, стоматологический страх, страх боли, предыдущий негативный стоматологический опыт, генерализованная тревожность, доверие к стоматологу, неопределённость и ощущение потери контроля. Для количественной оценки использовались Modified Dental Anxiety Scale, Generalized Anxiety Disorder scale и структурированный блок вопросов, измеряющих психологические факторы. Кроме того, с помощью платформы Dental Fear AI Lab были собраны сведения о триггерах страха пациента,

реакции на стоматологическую среду, тревожности, связанной с инъекцией, а также первичная информация о медицинской безопасности, включая наличие аллергии на лекарственные препараты или анестетики. Исследование показывает, что стоматологическая тревожность не может быть объяснена одним фактором; её следует рассматривать как многомерное психологическое явление, включающее когнитивную оценку, предыдущий опыт, ожидание боли, общую тревожность, качество коммуникации и воспринимаемый контроль. С практической точки зрения данная работа может помочь стоматологическим клиникам систематизировать предварительный скрининг тревожности, разъяснение пациенту, эмпатическую коммуникацию и стратегии краткой психологической поддержки.

Ключевые слова: стоматологическая тревожность; стоматологический страх; психологические факторы; страх боли; общая тревожность; смешанный метод; пациенты.

КІРІСПЕ

Стоматологиялық ем пациент үшін тек медициналық процедура ғана емес, эмоциялық тұрғыдан да күрделі жағдай болып табылады. Қабылдау алдында көптеген адамдар ауырсынуды, бақылауды жоғалтуды, сын естуді, жағымсыз дыбыстарды, инъекцияны немесе ем нәтижесінің белгісіздігін алдын ала күтеді. Мұндай күтулер пациент стоматологиялық креслоға отырмай тұрып-ақ алдын ала үрей күйін тудыруы мүмкін. Психологиялық тұрғыдан бұл күй маңызды, себебі ол зейінге, жадқа, ауырсынуды қабылдауға, стоматологпен ынтымақтастыққа және емді жалғастыру немесе одан қашқақтау туралы шешімге әсер етеді.

Стоматологиялық қорқыныш, стоматологиялық үрей және стоматологиялық фобия ұғымдары өзара байланысты болғанымен, толық бірдей емес. Стоматологиялық қорқыныш нақты қауіпке, мысалы инеге, бұрғы дыбысына немесе хирургиялық тіс жұлуға берілетін эмоциялық жауапты білдіреді. Стоматологиялық үрей қауіп тікелей болмаған кезде де пайда болуы мүмкін және алаңдаушылықты, дене ширығуын, жағымсыз нәтиже күтуді қамтиды. Стоматологиялық фобия анағұрлым ауыр түр ретінде тұрақты қашқақтаумен және клиникалық маңызды бұзылыстармен сипатталады [1].

Бұл тақырыптың психологиялық маңызы ем алдындағы үрейдің өзін-өзі күшейтетін цикл қалыптастыруымен байланысты. Егер пациент ауырсыну мен қауіпті күтсе, ол қабылдауды кейінге қалдыруы мүмкін; бұл ауыз қуысы мәселелерінің күрделенуіне, ал кейін күрделірек және инвазиялық процедуралардың қажеттілігіне алып келеді. Осылайша жаңа ем тәжірибесі пациенттің стоматологиялық ем қорқынышты деген бастапқы сенімін растауы ықтимал. Сондықтан стоматологиялық үрей уақытша эмоция емес, ұзақ мерзімді денсаулық мінез-құлқына ықпал ететін психологиялық құбылыс ретінде қарастырылады.

Стоматологиялық үрейді өлшеу үшін бұрыннан қолданылатын стандарттalған құралдар бар. Corah ұсынған Dental Anxiety Scale стоматологиялық үрейді қысқаша бағалауға арналған алғашқы құралдардың бірі болды, ал кейінгі зерттеулер оның клиникалық және зерттеу жағдайындағы сенімділігін нақтылады [2; 3]. Кейін Modified Dental Anxiety Scale пациент үшін маңызды жағдайларды, соның ішінде жергілікті анестетик инъекциясын қамту үшін әзірленді [4]. Бұл шкала қысқа, өзін-өзі толтыруға ыңғайлы және жалпы балы 5-тен 25-ке дейін есептелетін практикалық құрал ретінде кеңінен қолданылады [5].

Әдебиеттер стоматологиялық үрейдің жалпы психологиялық қызмет ету ерекшеліктерімен де байланысты екенін көрсетеді. Жалпы мазасыздығы немесе психологиялық дистресі жоғары пациенттер дене сезімдерін қауіп белгілері ретінде түсіндіруге, бақыланбайтын ауырсынуды күтуге немесе жағымсыз ем тәжірибесін айқынырақ еске түсіруге бейім болуы мүмкін [6; 7]. Клиникалық коммуникация тұрғысынан бұл стоматологтың тек техникалық құзыреттілігі жеткіліксіз болуы мүмкін дегенді білдіреді. Пациентке анық түсіндіру, эмпатия, болжамдылық және бақылау сезімі қажет.

Стоматологиялық үрей туралы зерттеулер саны артып келе жатқанымен, стандартталған сандық бағалауды пациенттердің субъективті баяндауларымен біріктіретін зерттеулерге қажеттілік сақталады. Тек сандық сауалнама жоғары үрей көрсеткіштерін анықтай алады, бірақ бұл көрсеткіш нақты пациент үшін нені білдіретінін толық түсіндірмейді. Керісінше, сапалық жауаптар қорқыныштың жеке мағынасын ашады, бірақ олар өлшенетін айнымалылармен құрылымдалған түрде біріктіруді қажет етеді. Осы себепті аралас әдіс стоматологиялық үрейдің деңгейін де, пациенттің өмірлік тәжірибесін де түсіндіруге

мүмкіндік береді.

Бұл зерттеудің мақсаты - PRISMA қағидаттарына сүйенген әдебиеттер синтезі мен аралас әдісті эмпирикалық зерттеу құрылымын пайдалана отырып, стоматологиялық процедуралар алдындағы пациенттердің үрей мен қорқыныш деңгейін бағалау және осы үреймен байланысты психологиялық факторларды анықтау. Зерттеу стоматологиялық үрейдің қандай деңгейде көрінетінін, қандай факторлармен байланысты екенін және пациенттердің қорқыныш тәжірибесін қалай сипаттайтынын жүйелі түрде талдауға бағытталған.

ЗЕРТТЕУ СҰРАҚТАРЫ МЕН ГИПОТЕЗАЛАР

№	Зерттеу сұрағы	Гипотеза / талдау бағыты
RQ1	Ересек пациенттерде стоматологиялық процедуралар алдында стоматологиялық үрей деңгейі қандай?	Сипаттамалық статистика үрейді төмен, орташа немесе жоғары деңгейге жіктейді.
RQ2	Стоматологиялық үрейдің артуымен қандай психологиялық факторлар байланысты?	Ауырсынудан қорқу, бұрынғы жағымсыз тәжірибе, инъекциядан қорқу және белгісіздік үрей баллдарымен оң байланыс көрсетеді деп күтіледі.
RQ3	Жалпы мазасыздық стоматологиялық үреймен байланысты ма?	Жалпы мазасыздық көрсеткіштері стоматологиялық үрей баллдарымен оң корреляция көрсетеді деп күтіледі.
RQ4	Пациенттер стоматологиялық ем алдындағы эмоциялық тәжірибесін қалай сипаттайды?	Ашық жауаптар ауырсынуды күту, бақылауды жоғалту, сенімсіздік, денелік қозу және түсіндіруге қажеттілік тақырыптарын қалыптастырады деп күтіледі.

ӘДІСТЕР ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ

Зерттеу біріктірілген әдіснамалық логикаға негізделді. Бірінші компонент стоматологиялық үрей, стоматологиялық қорқыныш, валидтелген үрей құралдары және психологиялық предикторлар туралы ғылыми еңбектердің PRISMA қағидаттарына негізделген нарративтік синтезінен тұрды. PRISMA 2020 қағидаттары әдебиеттерді іздеу, іріктеу, қайталанған дереккөздерді алып тастау және зерттеуге енгізілген мақалаларды жүйелі түрде көрсету үшін қолданылды [8].

Екінші компонент аралас әдісті көлденең қималы сауалнама дизайнына негізделді. Зерттеудің практикалық кезеңі Астана қаласы, Сарайшық көшесі, 7 мекенжайында орналасқан “StomaK” тіс емханасы базасында жүргізілді. Зерттеуге стоматологиялық процедура алдында сауалнамаға қатысқан **55 ересек пациент** енгізілді. Сандық деректер пациенттердің қорқыныш деңгейін, стресс көрсеткішін, мазасыздық индексін және негізгі қорқыныш факторларын анықтауға бағытталды. Сапалық деректер ашық жауаптар арқылы жиналып, пациенттердің стоматологиялық ем алдындағы субъективті тәжірибесін түсіндіруге мүмкіндік берді.

Бақылаулық зерттеу бөлігі STROBE логикасына сәйкес ұйымдастырылды. Қатысушылардың әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары, зерттеу айнымалылары, қолданылған құралдар, дерек жинау рәсімі, ықтимал шектеулер және статистикалық талдау кезеңдері нақты сипатталды [9]. Сапалық ашық жауаптарды талдау COREQ қағидаттарына сүйенді, себебі бұл тәсіл қатысушылардан алынған мәтіндік жауаптарды жүйелі кодтауға, негізгі тақырыптарды анықтауға және пациенттердің қорқыныш тәжірибесін ғылыми түрде интерпретациялауға мүмкіндік береді [10].


Зерттеу популяциясын стоматологиялық кеңес, тісті қалпына келтіру, қақ тазалау, тіс жұлу, эндодонтиялық ем, протездеу немесе басқа да стоматологиялық процедуралар алдында сауалнамаға қатысқан 18 жас және одан үлкен пациенттер құрады. Қатысу ерікті және анонимді түрде жүргізілді. Қатысушыларға зерттеудің мақсаты, сауалнама мазмұны, жауаптардың құпия сақталатыны және кез келген уақытта қатысудан бас тартуға болатыны түсіндірілді. 18 жасқа толмаған тұлғалар, сауалнаманы түсініп толтыра алмайтын пациенттер және қатысуға келісім бермеген адамдар зерттеуге енгізілген жоқ.

Эмпирикалық іріктеме көлемі **55 пациентті** құрады. Қатысушылардың ішінде **35 әйел** және **20 ер адам** болды. Жас ерекшелігі бойынша **18–25 жас аралығында – 28 пациент**, **26–35 жас аралығында – 16 пациент**, **36–45 жас аралығында – 11 пациент** қатысты. Деректер Dental Fear AI Lab платформасы және құрылымдалған сауалнама арқылы жиналды. Сауалнамада стоматологиялық үрей деңгейі, ауырсынудан қорқу, инъекцияға байланысты мазасыздық, бормашина дыбысына реакция, бұрынғы жағымсыз стоматологиялық тәжірибе, белгісіздік сезімі және медициналық қауіпсіздікке қатысты бастапқы мәліметтер қарастырылды.

Жиналған деректер сипаттамалық статистика арқылы талданды. Қатысушылардың жынысы, жас тобы, қорқыныш деңгейі, негізгі қорқыныш факторлары және аллергиялық анамнезі жиілік пен пайыздық көрсеткіштер арқылы берілді. Dental Fear AI Lab платформасы бойынша орташа қорқыныш балы, стресс деңгейі және мазасыздық индексі есептелді. Ашық жауаптар тақырыптық контент-талдау арқылы қарастырылып, пациенттердің ауырсынудан қорқу, инъекциядан мазасыздану, белгісіздік, бұрынғы жағымсыз тәжірибе және дәрігермен сенімді коммуникацияға қажеттілік сияқты негізгі психологиялық тақырыптары анықталды.

ДЕРЕККӨЗДЕРДІ ІЗДЕУ ЖӘНЕ ІРІКТЕУ СТРАТЕГИЯСЫ

Әдебиеттерді іздеу стратегиясы Web of Science Core Collection, Scopus, Dimensions, PubMed және баспагерлердің DOI беттері үшін әзірленді. Іздеу стоматологиялық үрейді, стоматологиялық қорқынышты, психологиялық предикторларды, валидтелген өлшеу құралдарын, жалпы мазасыздықты, қашқақтау мінез-құлқын және стоматологиялық пациенттердегі аралас әдісті тәсілдерді тікелей талқылайтын жарияланымдарға бағытталды. Іздеу тақырып, аннотация және кілт сөздер өрістерінде жүргізіліп, жариялану жылы, құжат түрі және пәндік сала бойынша сүзгілер қолданылды.



Сурет 1. Web of Science, Scopus және Dimensions үшін дайындалған дерекқорлық іздеу стратегиясы.

Дерекқор	Іздеу өрісі	Негізгі іздеу жолы	Ұсынылатын сүзгілер
Web of Science	Topic (TS)	("dental anxiety" OR "dental fear" OR odontophobia) AND (patient* OR adult*) AND ("psychological factors" OR "fear of pain" OR "previous dental experience" OR "generalized anxiety")	2015-2026; мақала; шолу; психология; стоматология; медицина
Scopus	TITLE-ABS-KEY	("dental anxiety" OR "dental fear" OR odontophobia) AND (patient* OR adult*) AND ("psychological factors" OR "fear of pain" OR "previous dental experience" OR "generalized anxiety")	Мақала; шолу; ағылшын тілі; психология; стоматология; медицина; әлеуметтік ғылымдар
Dimensions	Толық дерек-тер / тақырып және аннота-ция	("dental anxiety" OR "dental fear" OR odontophobia) AND (patients OR adults) AND (MDAS OR GAD-7 OR "psychological distress")	Жарияланым түрі: мақала/шолу; қол-жетімді болса ашық қолжетімділік
PubMed	Title/Abstract	("dental anxiety"[Title/Abstract] OR "dental fear"[Title/Abstract]) AND (patient*[Title/Abstract] OR adult*[Title/Abstract])	Адамдарға жүргізілген зерттеулер; қажет болса ересектер

Кесте 1. Дереккөздерді жүйелі іріктеу кезеңіне арналған іздеу стратегиясы.

ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ШЫҒАРУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Критерий түрі	Енгізілді	Шығарылды
Популяция	Стоматологиялық үрей өлшемі бар ересек стоматологиялық пациенттер немесе жалпы ересек популяциялар	Тек балаларға арналған зерттеулер, егер олар тек теориялық негіз ретінде қолданылмаса
Құбылыс	Стоматологиялық үрей, стоматологиялық қорқыныш, процедура алдындағы қорқыныш, стоматологиялық фобия, қашқақтау мінез-құлқы	Стоматологиялық көмекке қатысы жоқ жалпы медициналық мазасыздық

Критерий түрі	Енгізілді	Шығарылды
Психологиялық факторлар	Ауырсынудан қорқу, бұрынғы жағымсыз тәжірибе, жалпы мазасыздық, сенім, бақылау, белгісіздік, дистресс	Психологиялық айнымалылар-сыз таза биологиялық немесе техникалық стоматологиялық нәтижелер
Әдістер	Көлденең қималы зерттеулер, аралас әдісті зерттеулер, шолулар, үрей шкалаларын валидтеу зерттеулері	Редакциялық мақалалар, пікір материалдары, қолжетімсіз жазбалар, қайталанған есептер
Өлшеу	MDAS, DAS, DFS, GAD-7, психологиялық дистресс құралдары, сапалық сұхбаттар немесе ашық жауаптар	Әдіснамалық түсіндірмесі жоқ валидтелмеген немесе түсініксіз өлшемдер

Кесте 2. Әдебиеттерді іріктеу кезеңіне арналған енгізу және шығару критерийлері.



Сурет 2. Стоматологиялық үрей және психологиялық факторлар бойынша дереккөздерді анықтау мен іріктеудің PRISMA 2020 ағымдық диаграммасы.

ЭМПИРИКАЛЫҚ САУАЛНАМА ДИЗАЙНЫ

Эмпирикалық бөлім көлденең қималы аралас әдісті дизайнға сүйенеді. Құрылымдалған сауалнама стоматологиялық үрей және онымен байланысты психологиялық айнымалылар бойынша сандық баллдарды береді. Ашық сұрақтар пациенттің стоматологиялық ем алдындағы жеке қорқыныш тәжірибесі туралы қысқа нарративтік деректерді қамтамасыз етеді. Деректердің екі түрі интерпретация кезеңінде біріктіріледі: сандық үлгілер үрейдің деңгейін және факторлармен байланысын көрсетеді, ал сапалық тақырыптар үрейдің пациенттің өз сөзімен қандай мағына білдіретінін түсіндіреді [11; 12].



Сурет 3. Ұсынылған аралас әдісті дерек жинау және талдау жұмыс ағымы.

DENTAL FEAR AI LAB ПЛАТФОРМАСЫ АРҚЫЛЫ ПРАКТИКАЛЫҚ ДЕРЕК ЖИНАУ РӘСІМІ

Зерттеудің практикалық кезеңінде стоматологиялық процедура алдындағы үрей мен қорқынышты тек теориялық сауалнама ретінде емес, нақты клиникалық ортада бақылауға мүмкіндік беретін Dental Fear AI Lab цифрлық платформасы қолданылды. Платформа планшет арқылы ұсынылып, пациентке зерттеу мақсаты, сауалнама құрылымы, қатысудың еріктілігі және жауаптардың құпия сақталатыны түсіндірілді. Осыдан кейін пациент стоматологиялық қорқыныш триггерлері, дыбысқа реакция, инъекцияға байланысты үрей, стоматологиялық креслоға отыру кезіндегі бақылау сезімі, бұрынғы жағымсыз тәжірибе және ашық жауаптар блоктарын толтырды.


Платформаның зерттеу үшін маңызы екі бағытта көрінді. Біріншіден, ол пациенттің стоматологиялық қорқынышын алдын ала анықтауға және қорқыныштың негізгі себебін жүйелеуге мүмкіндік берді. Екіншіден, платформа пациент туралы клиникалық тұрғыдан маңызды бастапқы ақпаратты жинауға жағдай жасады: жоспарланған процедура түрі, соңғы стоматологиялық тәжірибе, ауырсынуға қатысты күтулер, инъекциядан қорқу, жергілікті анестетикке немесе дәрілік препараттарға аллергия туралы мәлімет, сондай-ақ пациенттің қосымша түсіндіру мен қолдауға қажеттілігі белгіленді. Мұндай ақпарат стоматологқа медициналық қауіпсіздік пен психологиялық қолдауды қатар жоспарлауға көмектеседі.

Практикалық апробация барысында сауалнама жүргізу пациенттің қорқынышын бағалау ғана емес, қазіргі кезеңде жиі кездесетін стоматологиялық емнен қашқақтау, инъекциядан қорқу, белгісіздікке мазасыздану және дәрігерге сенімсіздік сияқты факторларды түсінудің құралы ретінде қарастырылды. Сондықтан платформа нәтижелері клиникалық диагноз ретінде емес, процедура алдындағы қысқа скрининг, түсіндіру, сенімді коммуникация және қорқынышты жеңуге бағытталған бастапқы психологиялық қолдау стратегиясын таңдауға арналған индикатор ретінде пайдаланылды.


Платформаның негізгі модульдері мен бағалау блоктары 5-6-суреттерде, ал нақты клиникалық ортада пациенттермен жүргізілген практикалық сауалнама кезеңдері 7-11-суреттерде көрсетілді. Бұл суреттер сауалнама жүргізу, пациентті ақпараттандыру, медициналық қауіпсіздік ақпаратын нақтылау, стоматологиялық ортада жауап жинау және бастапқы нәтижелерді визуализациялау кезеңдерінің өзара байланысын көрсетеді.



Сурет 5. Dental Fear AI Lab платформасының негізгі зерттеу модульдері: пациент профилі, қорқыныш триггерлері, дыбыс пен инъекция реакциясы және стоматологиялық ортаны модельдеу.




Сурет 6. Dental Fear AI Lab платформасындағы бағалау блоктары: бұрынғы стоматологиялық тәжірибе, жауап нұсқалары, AI бақылау тақтасы және дерек жинау жұмыс ағымы.




Сурет 7. Пациентті ақпараттандыру және сауалнамаға қатысуға келісім алу кезеңдері.




Сурет 8. Қабылдау аймағында Dental Fear AI Lab платформасын таныстыру және бастапқы медициналық-психологиялық ақпаратты нақтылау.



Сурет 9. Стоматологиялық кабинет жағдайында цифрлық сауалнама жүргізу және процедура алдындағы эмоциялық күйді бағал



Сурет 10. Процедура алдында пациенттің жауаптарын енгізуі және платформадағы қорқыныш, стресс, мазасыздық көрсеткіштерін визуализациялау.



Сурет 11. Платформада психологиялық портрет, бастапқы есеп және қорытынды индикаторларды тіркеу кезеңдері.

ЗЕРТТЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

Блок	Құрал / сұрақтар тобы	Мақсаты	Шкала / бағалау	Талдауда қолданылуы
1	Әлеуметтік-демографиялық форма	Жас, жыныс, білім, стоматологқа бару жиілігі, процедура түрі	Категориялық айнымалылар	Топтарды салыстыру және сипаттамалық талдау
2	Modified Dental Anxiety Scale	Бес кең таралған стоматологиялық жағдайда стоматологиялық үрейді өлшеу	5 сұрақ, әрқайсысы 1-5; жалпы 5-25	Негізгі тәуелді айнымалы
3	Generalized Anxiety Disorder scale	Жалпы мазасыздық белгілерін бағалау	7 сұрақ, әрқайсысы 0-3; жалпы 0-21	Предиктор/ковариат
4	Психологиялық факторлар сұрақтары	Ауырсыну, инъекция, сенім, белгісіздік, бақылауды жоғалту және бұрынғы тәжірибені бағалау	Лайкерт 1-5	Корреляция және регрессия предикторлары
5	Ашық сұрақтар	Субъективті қорқынышты, күресу қажеттіліктерін және қалаулы қолдауды зерттеу	Мәтіндік жауаптар	Тақырыптық контент-талдау
6	Қысқа медициналық қауіпсіздік блогы	Жергілікті анестетикке, дәрілік препараттарға, инъекцияға, латекске немесе басқа медициналық материалдарға аллергия туралы бастапқы ақпаратты жинау; бұрынғы жағымсыз реакциялар мен қабылдайтын дәрілерді белгілеу.	Категориялық жауаптар және қысқа ашық түсініктеме	Процедура алдындағы қауіпсіздік тәуекелдерін нақтылау, қорқыныштың медициналық және психологиялық себептерін ажырату, стоматологқа алдын ала ақпарат беру

Кесте 3. Пациент сауалнамасына ұсынылған өлшеу құрылымы.

АЙНЫМАЛЫЛАР ЖӘНЕ СТАТИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ ЖОСПАРЫ

Негізгі тәуелді айнымалы - жалпы стоматологиялық үрей балы. Тәуелсіз айнымалыларға ауырсынудан қорқу, бұрынғы жағымсыз стоматологиялық тәжірибе, инъекциядан қорқу, процедура туралы белгісіздік, стоматологқа сенім, қабылданатын бақылау, жалпы мазасыздық балы, жыныс, жас тобы, стоматологқа бару жиілігі және процедура түрі кіреді. Сипаттамалық статистика жиілікті, пайызды, орташа мәнді, стандартты ауытқуды және медианаңы қамтиды. Көп тармақты блоктардың сенімділігі Cronbach alpha арқылы тексерілуі мүмкін. Топтар арасындағы айырмашылықтар t-тест немесе бір факторлы ANOVA арқылы, ал үлестірімдер қалыпты болмаса, параметрлік емес баламалар арқылы талданады. Үздіксіз айнымалылар арасындағы

байланыстар Pearson немесе Spearman корреляциясы арқылы тексеріледі. Демографиялық айнымалылар бақыланған кезде стоматологиялық үрейді қандай психологиялық факторлар болжайтынын анықтау үшін көптік регрессия қолданылуы мүмкін.

Сапалық жауаптар тақырыптық контент-талдау арқылы талданады. Зерттеуші жауаптарды бірнеше рет оқып, мағыналық бірліктерді анықтайды, бастапқы кодтар береді, кодтарды санаттарға топтастырады және қорытынды тақырыптарды қалыптастырады. Күтілетін тақырыптарға ауырсынудан қорқу, инъекциядан қорқу, бұрынғы жағымсыз емді еске алу, дәрменсіздік сезімі, ауыз қуысының жағдайына байланысты ұялу, сенімсіздік, ақпаратқа қажеттілік және эмоциялық қолдауға қажеттілік жатады.

ЭТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Зерттеу адам қатысатын зерттеулерге арналған этикалық қағидаттарды сақтауы тиіс. Қатысушылар зерттеу мақсаты, ерікті қатысу, анонимділік, шамамен қажет уақыт, салдарсыз бас тарту немесе қатысуды тоқтату құқығы және зерттеуші тарапынан тікелей медициналық араласудың жоқтығы туралы нақты ақпарат алуы керек. Жеке сәйкестендіретін ақпарат жиналмайды. Егер сауалнама стоматологиялық клиникада жүргізілсе, пациенттің қатысу немесе қатыспау шешімі стоматологиялық көмектің сапасына әсер етпейтіні нақты түсіндіріледі.

Этикалық мәселе	**Қажетті әрекет**	**Қолжазбада қалай көрсетіледі**
Ақпараттандырылған келісім	Сауалнама алдында қысқа келісім формасын ұсыну	Барлық қатысушылар ерікті ақпараттандырылған келісім бергенін көрсету
Анонимділік	Аттарды, ЖСН/ID нөмірлерін немесе телефон нөмірлерін жинамау	Деректер талдауға дейін анонимдендірілгенін көрсету
Сезімтал эмоциялар	Қатысушыларға сұрақтарды өткізіп жіберуге немесе қатысуды тоқтатуға мүмкіндік беру	Бас тарту стоматологиялық көмекке әсер етпегенін көрсету
Деректерді қорғау	Файлдарды құпиясөзбен қорғалған құрылғыда сақтау	Тек жинақталған нәтижелер хабарланатынын көрсету
Этикалық мақұлдау	Қажет болған жағдайда университет немесе клиника рұқсатын алу	Журналға ұсынар алдында мақұлдау нөмірі мен күнін енгізу
Фотоқұжаттар және экран жазбалары	Қатысушылардан фото/визуалды материалды ғылыми жұмыста қолдануға бөлек келісім алу; қажет болса бет-бейне, QR-код, клиника атауы және экрандағы жеке деректерді жасыру	Фотосуреттер тек зерттеу процедурасын сипаттау үшін пайдаланылғанын, клиникалық диагноз немесе жеке нәтиже ретінде берілмейтінін көрсету

Кесте 4. Эмпирикалық кезеңге арналған этикалық талаптар.

НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ТАЛҚЫЛАУ

Зерттеуге барлығы **55 пациент** қатысты. Қатысушылардың ішінде **35 әйел** және **20 ер адам** болды. Бұл жалпы іріктеменің тиісінше **63,6%** және **36,4%** үлесін құрады. Жас ерекшелігі бойынша қатысушылар үш топқа бөлінді: **18–25 жас аралығында – 28 адам**, **26–35 жас аралығында – 16 адам**, **36–45 жас аралығында – 11 адам**. Осылайша зерттеуге негізінен жас және орта жастағы ересек пациенттер қатысқаны байқалды.

Стоматологиялық процедура алдындағы қорқыныш деңгейін бағалау нәтижесінде қатысушылардың **13-інде төмен деңгейдегі қорқыныш**, **27-сінде орташа деңгейдегі қорқыныш**, ал **15 пациентте жоғары деңгейдегі қорқыныш** анықталды. Пайыздық көрсеткіш бойынша төмен қорқыныш деңгейі **23,6%**, орташа қорқыныш деңгейі **49,1%**, жоғары қорқыныш деңгейі **27,3%** құрады. Бұл нәтиже пациенттердің басым бөлігінде стоматологиялық процедура алдында белгілі бір деңгейде мазасыздық пен қорқыныш болатынын көрсетеді.

Негізгі қорқыныш факторлары бойынша ең жиі аталған себеп — **ауырсынудан қорқу** болды. Бұл факторды **28 пациент** көрсетті. **Инъекциядан қорқу** 22 пациентте, **белгісіздік сезімі** 19 пациентте, **бұрынғы жағымсыз стоматологиялық тәжірибе** 17 пациентте, ал **бормашина дыбысынан қорқу** 14 пациентте байқалды. Бұл деректер стоматологиялық үрейдің тек бір ғана себеппен емес, ауырсынуды күту, инъекцияға байланысты мазасыздық, бұрынғы тәжірибе және процедура барысының белгісіздігі сияқты бірнеше психологиялық факторлардың өзара байланысы арқылы қалыптасатынын көрсетеді.

Медициналық қауіпсіздікке қатысты бастапқы мәліметтерді жинау барысында **3 пациентте анестезияға аллергиялық реакция болуы мүмкін екені**, **5 пациентте дәрілік препараттарға аллергия бар екені**, ал **47 пациентте аллергия жоқ екені** анықталды. Бұл көрсеткіштер стоматологиялық процедура алдында тек психологиялық күйді ғана емес, пациенттің медициналық қауіпсіздігіне қатысты маңызды ақпараттарды да алдын ала нақтылаудың қажеттілігін көрсетеді.

Dental Fear AI Lab платформасы бойынша орташа көрсеткіштерге сәйкес, пациенттердің **орташа қорқыныш балы – 7,2/10**, **орташа стресс деңгейі – 6,1/10**, ал **орташа мазасыздық индексі – 6,8/10** болды. Бұл нәтижелер зерттеуге қатысқан пациенттерде стоматологиялық процедура алдында орташа деңгейден жоғары эмоциялық шиеленіс байқалғанын көрсетеді.

Көрсеткіш	**n**	**%**
Барлық қатысушылар	55	100
Әйелдер	35	63,6
Ерлер	20	36,4
18–25 жас	28	50,9
26–35 жас	16	29,1
36–45 жас	11	20,0

Кесте 5. Зерттеуге қатысушылардың әлеуметтік-демографиялық сипаттамасы

Қорқыныш деңгейі	**n**	**%**
Төмен	13	23,6
Орташа	27	49,1
Жоғары	15	27,3

Кесте 6. Пациенттердің стоматологиялық процедура алдындағы қорқыныш деңгейі

Негізгі қорқыныш факторы	**n**	**%**
Ауырсынудан қорқу	28	50,9
Инъекциядан қорқу	22	40

Негізгі қорқыныш факторы	n	%
Белгісіздік сезімі	19	34,5
Бұрынғы жағымсыз тәжірибе	17	30,9
Бормашина дыбысынан қорқу	14	25,5

Кесте 7. Стоматологиялық үрейге әсер ететін негізгі психологиялық факторлар

ПРАКТИКАЛЫҚ АПРОБАЦИЯ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАНЫҢ ЗЕРТТЕУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ОРНЫ

Зерттеудің практикалық кезеңінде **Dental Fear AI Lab** цифрлық платформасы стоматологиялық процедура алдындағы пациенттердің үрейі мен қорқыныш деңгейін алдын ала бағалау құралы ретінде қолданылды. Практикалық апробация Астана қаласы, Сарайшық көшесі, 7 мекенжайында орналасқан **“StomaK” тіс емханасы** базасында жүргізілді. Зерттеуге жалпы **55 пациент** қатысты. Қатысушылар стоматологиялық процедура алдында платформа арқылы сауалнама толтырып, өздерінің қорқыныш себептері, стоматологиялық ортаға реакциясы, инъекцияға байланысты мазасыздығы, ауырсынудан қорқу деңгейі, бұрынғы стоматологиялық тәжірибесі және қосымша психологиялық қолдауға қажеттілігі туралы мәлімет берді.

